**Қыркүйек**
**Кіші топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҮІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Бауырсақ қалай домалайды?» | | | | |
| Мақсаты: | а) оңнан солға қарай түзу сызықтар сызуды жалғастыру, қарындашпен жұмыс жасау дағдыларын бекіту;<br>ә) саусақ икемділіктерін, бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру;<br>б) балалардың бояумен жұмыс істеуге деген қызығушылығын ояту. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | - Бауырсақ үйіне келген соң, ойыншықтарға жете алмай, адасып кетіпті. Біз бауырсақ одан әрі адасып жүрмеуі үшін оған әдемі түзу жол салып берейік.<br>- Алдарыңызда бауырсақтың бейнесі бейнеленген парақ бар. Бауырсақтың бейнесінен бастап, оңнан солға қарай екі түзу сызық сызасыз да, өздеріңізге ұнаған түстермен бояйсыздар. Бұл бауырсақтың адаспай жүруіне көмектесетін жолдар болады.<br>Педагог үлгі суретті көрсетіп, түсіндіреді.<br>Көмек қажет балаларға көмектеседі.<br>- Мінеки, балалар, осындай әдемі түзу жолмен бауырсақ ойыншықтарға аман – есен, адаспай жететін болды.<br><br>Сергіту сәтін орындайды.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Шарлар» | | | | |
| Мақсаты: | Саусақтың ұштарымен дөңгелек із қалдыра отырып, шарларды бейнелеу. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Педагог балаларды тақта алдына жинап, шарлар суреттерін көрсетеді. Сұрақтар қояды.<br>Балаларға қағаз парағын ұсынып, шарлар салып көрейік деп ұсынады. Алдыменен өзі саусақтармен шарлар салу үлгісін балаларға көрсетеді. Балалар салып отырғанда жеке көмек береді. Балалар сурет салып болған соң, денелерін шынықтыруға алаңға шығады.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Құм бетіне шар салу».</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Құм бетіне шарды салу. Құм бетіне дөңгелектер мен ұзын ирек жіпті салуды үйрету.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>- Балалар, қараңыздаршы Арман бізге әдемі шарларды алып келіпті. Біз өткен оқу қызметтерімізде қағазға шар салуды үйренген болатынбыз. Енді біз шардың суретін құм бетіне салуды үйренеміз.<br>Ендеше балалар, құм бетіне шар суретін салайық. Әр бала өз орындарына жайғасып, сурет салады. Сала алмаған балаларға жеке көмек беріледі. Балалар суретін салып болған соң, денелерін шынықтыруға алаңға шығады.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Машина дөңгелектері» | | | | |
| Мақсаты: | Таңбалап басу арқылы машина дөңгелектерін салу. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Балаларды ортаға жинап, түрлі  түсті автомобильдер ойынынт ойнатады. Ойын шарты: балаларды екі шағын топқа бөледі. Екі түрлі автомобиль рөлдерін береді – сары және қызыл. Жетекші қандай түсті жалау көрсетсе, сондай түсті автомобильдер ашық алаңда жүре бастайды. Жалау түсірілгенде орындарына барып, жайғасады. Ойын үш рет қайталанады.<br>Тақтада ілулі тұрған суретті көрсетіп, бұл жерде машинаның дөңгелектері жоқ.<br>Машина дөңгелексіз қозғала алмайды. Біз дөңгелектерді салайық деп балаларды орындарына отырғызып, таңба басу әдісімен дөңгелектерді салуды үйретеді.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Мүсіндеу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Әтешке арналған қоршау» | | | | |
| Мақсаты: | Ермексазды домалақтап алып, алақанның ортасына салып, сопақшалап есу арқылы қоршауға баған жасауға болатыны туралы мағлұмат беру. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>Педагог үлестірмелі материалдағы суретке балалардың көңілін аударады.<br>Таңертеңмен оянып,<br>Балаларды оятып.<br>Қоршауға қонып отырар,<br>«Тұрыңдар» деп шақырар.<br>Балалар суретте әтеш ненің үстінде отыр?<br>Педагог дайын көрнекілікті балаларға көрсетеді.<br>- Мына қоршауға не жетіспейді деп ойлайсыңдар?<br>- Әтешке мына қоршауға қонақтау ыңғайлы деп ойлайсыңдарма?<br>- Сендерге мен осы қоршауға қажетті бағандар жасауды үйретейін.<br>Балалардың келісімімен педагог ермексазды алып, түсіндіре бастайды. Балалар педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша жұмыс жасайды.<br>*Сергіту сәті:*<br>Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Жапсыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Сәукелені әшекелейміз» | | | | |
| Мақсаты: | қазақтың ұлттық баскиімі атауларын ажыратуды үйрету. Сәукелені әшекелеуді үйрету, қазақтың өнеріне қызығушылықтарын ояту. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Педагог қазақтың ұлттық киімін киген қыздарының суреттерін көрсетеді.<br>- Сәукеле – үйлену тойында қалыңдық киетін баскиім.<br>Қазақ қыздары өздеріне көйлек тігіп, сәукелесін әшекейлеген. Ол биік баскиім, неше түрлі әшекейлермен - моншақ , қымбат тастармен, шашақ жіптермен әшекейленген.<br>- Сәукеленің пішіні қандай?<br>- Қандай түстер қолданған?<br>- Бас жағында не бар?<br>Педогог жұмыстың жасалу ретін түсіндіреді.<br>Дайын сәукелені өрнектермен әшекейлейміз.<br><br>*Сергіту сәті:*<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Алақанды ұрамыз.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Бір шынығып аламыз.<br>Иіліп оңға бір, иіліп солға бір,<br>Денемізді дұрыстап,<br>Тұрамыз тік ұстап.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Қыркүйек**
**Ортаңғы топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Сәбіз». | | | | |
| Мақсаты: | Сәбіздің суретін сала білуге үйрету. Балалардың сопақша пішіннен бейне жасау, бейнені қабылдау қабілеттерін дамыту. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Педагог сурет бойынша жыл мезгілі туралы әңгіме жүргізеді.<br>- Қоянның қолында не бар? Педагог салыстыру, түстерін ажырату, пішіндерін айту сияқты т.б. жұмыстарды жүргізеді.<br>Балаларға суреттердегі сәбіз суретін көрсетіп:<br>Қараңыздаршы, балалар! Мынау сәбіздің суретін саламыз.**Өздігінен сурет салу.**<br>- Сәбіз қанша түстен тұрады?<br>*Сергіту сәті:*<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы-қырлы жерлермен,<br>Ытқып - ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын салып көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің.<br>Педагог балалардан қояндардың қолындағы сәбіздің суретін салуды сұрайды.<br>- Алдымен қарындашпен жіңішке сызық пен ұзын екі сопақша сызықтарды кезекпен сызып, бір - біріне қосамыз. Сәбіздің үш жағы жіңішке, бас жағы жуандау болып келеді. Содан кейін сабағын саламыз. Сәбіз суретін қызғылт сары түспен бояймыз.<br>Педагог балалардың суретті жақсы салғандарын, қоянның қуанып, алғысын білдіргенін айтып, көңілдерін көтереді. Оқу іс-әрекетін сұрақ-жауап арқылы қорыта келе балалардың жұмысына талдау жасайды, мақтап - мадақтайды. | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Алтын күз». | | | | |
| Мақсаты: | Күзгі табиғаттың ерекшеліктерін білуге. Балаларға бірлесе отырып, алақан арқылы жапырақ салуды үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп таныcты кезіктік.<br>Бәріне де ізетпен,<br>Иіліп сәлем береміз.<br>- Мына жапырақтарға қараңдаршы, түстері қандай керемет.<br>Балалардан олардың түстерін сұрайды.<br>Күз мезгілінде жапырақтар түсінің өзгеретінін түсіндіріп өтеді.<br>- Ендеше осындай әдемі қызғылт сары жапырақтардың суретін салып көрейік.<br>Бір алақандарыңды сары бояуға батырып, таза қағаз бетіне бірнеше жапырақтардың бейнесін салыңдар. Енді екінші алақандарыңды қызыл бояуға батырып, жапырақтарды саламыз. Біздің қағазымызда екі түсті жапырақтардың суреттері пайда болды. Демек, жапырақ формасы біздің алақанымызға ұқсайды екен.<br>Сергіту сәті:<br>Жел соқты, жел соқты,<br>Ағаштар желмен шайқалды.<br>Жел соқты, жел соқты,<br>Жапырақ түскен байқалды.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, жұмыс аяқталған соң мадақтайды. | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Орамалды әшекейлеу». | | | | |
| Мақсаты: | | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | Ою - өрнектермен әшекейлей білуге үйрету, ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту. Балаларды шаршының ішіне өрнектерді дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру. Бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету.<br>*Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар, бүгін Айсұлу деген кішкентай досымыздың әжесінің туған күні екен. Айсұлу әжесінің туған күніне орамал сыйлағысы келеді екен, бірақ қоландағы орамалы ұнамай отыр екен. Айсұлу орамалын әсемдегісі келеді екен. Біздерден көмек сұрап отыр.<br>- Балалар Айсұлудың орамалын әсемдеуге көмектесеміз бе?<br>Педагог демонстрациялық материалдарды көрсетіп:<br>- орамалдың пішінін, орамалдағы өрнектердің пішінін және түстерін сұрайды.<br>Алдыңғы сабақтарда өткен пішіндерді еске түсіріп, орамалды безендіруді сұрайды.<br>Педагог жұмыс барысында балаларға пішіндерді орамалдың бір шетінен бастап, арақашықтықты сақтай отырып салуды түсіндіреді. Жұмыс барысында балаларға нақты бағыт – бағдар беріп отырады. Балалар безендірген орамалды Айсұлуға ұсынады.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді. | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Қандай заттың пішіні дөңгелекке ұқсайды?».</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Дөңгелек пішінді заттардың суретін салуды үйрету; екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді; шығармашылық қабілеттерін, ой - қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл - қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Барлығы бір - бірлеріне жүректен шыққан жылы лебіздерін айтады.<br>«Қандай пішін?» дидактикалық ойыны. Дөңгелек пішінге ұқсас ойыншықтардың, заттардың аттары мен белгілерін атап айтады, балалармен бірге анықтайды. Балалар топ ішіндегі заттардан дөңгелекке ұқсас заттарды тауып айтады.<br>Сергіту сәті:<br><br>«Заттардың суретін аяқта» дидактикалық ойыны. Балаларға берілген фигураларды аяқта деген тапсырма беріледі. Суретті салуға кіріспес бұрын педагог салатын суретті нүкте арқылы көз мөлшермен жасап алуды, содан кейін қылқаламмен бастырып, толық бейне жасау туралы әңгімелеп түсіндіреді.<br><br>Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.</td></tr>
</table>

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Мүсіндеу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Мүсіндеу». | | | | |
| Мақсаты: | Күз айлары молшылық,  береке сыйлайтынын, көкөністер мен жемістер пісіп,   жиын - терін болатынын түсіндіру. Тиянақтылыққа, ұқыптылыққа баулу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз мезгілінде неше ай бар?<br>- Ол қандай айлар?<br>Балалардан жылдың қай мезгілі екенін, күз мезгілінде табиғатта болатын өзгерістер мен ерекшеліктері болатынын сұрау. Күзде көкөністер мен жемістер пісіп, жиын - терін науқаны басталады. Күз мезгілі молшылықты, берекені білдіреді.<br>Тәрбиеші ермексазбен көкөністің үлгісін жасап балаларға көрсетеді.<br>Ермексазбен көкөністердің мүсінін жасау.<br><br><br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>Сергіту сәті:<br>«Көкөністер мен жемістерді ажырат» дидактикалық ойыны. | | | | |

**Жапсыру  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Жапсыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Шарбақ - қоршау». | | | | |
| Мақсаты: | Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Бақшамызға барғанда<br>Жолыққан бар жандарға.<br>Ертемен ақ пейілмен,<br>«Қайырлы таң» деймін мен<br>Балалардың серуенде жүргенде қоршау көргендерін естеріне түсіреді. Қоршау - ол біздің үйімізді қоршап тұрады.<br>- Қазір біздер  сондай қоршауды қатты қағаздан жасаймыз.<br>- Алдымен қатырма қағаздан үлгіге қарап отырып  бірдей  қылып қоршау бөліктерін қиып аламыз да, желіммен жапсырамыз. Құрастырып көреміз. Міне, әдемі биік қоршау  жасадық.<br>Балалар үлгіні қарап, қоршауды  жасап шығады. Көмек қажет ететін балаларға педагог  көмектеседі.<br>*Сергіту сәті.*<br>Балақан - ау, балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай - былай ойнат!<br><br>Педагог қортындылап,балаларды мадақтайды.<br>Балалар, біздер бүгін не істедік?<br>Сіздерге, бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? | | | | |

**Қырк үйек**

**Ересек топ**

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Сәбіз». | | | | |
| Мақсаты: | Сәбіздің суретін сала білуге үйрету. Балалардың сопақша пішіннен бейне жасау, бейнені қабылдау қабілеттерін дамыту. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Педагог сурет бойынша жыл мезгілі туралы әңгіме жүргізеді.<br>- Қоянның қолында не бар? Педагог салыстыру, түстерін ажырату, пішіндерін айту сияқты т.б. жұмыстарды жүргізеді.<br>Балаларға суреттердегі сәбіз суретін көрсетіп:<br>Қараңыздаршы, балалар! Мынау сәбіздің суретін саламыз.**Өздігінен сурет салу.**<br>- Сәбіз қанша түстен тұрады?<br>*Сергіту сәті:*<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы-қырлы жерлермен,<br>Ытқып - ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын салып көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің.<br>Педагог балалардан қояндардың қолындағы сәбіздің суретін салуды сұрайды.<br>- Алдымен қарындашпен жіңішке сызық пен ұзын екі сопақша сызықтарды кезекпен сызып, бір - біріне қосамыз. Сәбіздің үш жағы жіңішке, бас жағы жуандау болып келеді. Содан кейін сабағын саламыз. Сәбіз суретін қызғылт сары түспен бояймыз.<br>Педагог балалардың суретті жақсы салғандарын, қоянның қуанып, алғысын білдіргенін айтып, көңілдерін көтереді. Оқу іс-әрекетін сұрақ-жауап арқылы қорыта келе балалардың жұмысына талдау жасайды, мақтап - мадақтайды. | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҮІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Алтын күз».</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Күзгі табиғаттың ерекшеліктерін білуге. Балаларға бірлесе отырып, алақан арқылы жапырақ салуды үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп танысты кезіктік.<br>Бәріне де ізетпен,<br>Иіліп сәлем береміз.<br>- Мына жапырақтарға қараңдаршы, түстері қандай керемет.<br>Балалардан олардың түстерін сұрайды.<br>Күз мезгілінде жапырақтар түсінің өзгеретінін түсіндіріп өтеді.<br>- Ендеше осындай әдемі қызғылт сары жапырақтардың суретін салып көрейік.<br>Бір алақандарыңды сары бояуға батырып, таза қағаз бетіне бірнеше жапырақтардың бейнесін салыңдар. Енді екінші алақандарыңды қызыл бояуға батырып, жапырақтарды саламыз. Біздің қағазымызда екі түсті жапырақтардың суреттері пайда болды. Демек, жапырақ формасы біздің алақанымызға ұқсайды екен.<br>Сергіту сәті:<br>Жел соқты, жел соқты,<br>Ағаштар желмен шайқалды.<br>Жел соқты, жел соқты,<br>Жапырақ түскен байқалды.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, жұмыс аяқталған соң мадақтайды.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Орамалды әшекейлеу».</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5"></td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Ою - өрнектермен әшекейлей білуге үйрету, ұлттық сәндік қолданбалы өнерге деген қызығушылықтарын дамыту. Балаларды шаршының ішіне өрнектерді дұрыс орналастыра білуге жаттықтыру. Бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету.<br>Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>- Балалар, бүгін Айсұлу деген кішкентай досымыздың әжесінің туған күні екен. Айсұлу әжесінің туған күніне орамал сыйлағысы келеді екен, бірақ қоландағы орамалы ұнамай отыр екен. Айсұлу орамалын әсемдегісі келеді екен. Бізден көмек сұрап отыр.<br>- Балалар Айсұлудың орамалын әсемдеуге көмектесеміз бе?<br>Педагог демонстрациялық материалдарды көрсетіп:<br>- орамалдың пішінін, орамалдағы өрнектердің пішінін және түстерін сұрайды.<br>Алдыңғы сабақтарда өткен пішіндерді еске түсіріп, орамалды безендіруді сұрайды.<br>Педагог жұмыс барысында балаларға пішіндерді орамалдың бір шетінен бастап, арақашықтықты сақтай отырып салуды түсіндіреді. Жұмыс барысында балаларға нақты бағыт – бағдар беріп отырады. Балалар безендірген орамалды Айсұлуға ұсынады.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Қандай заттың пішіні дөңгелекке ұқсайды?». | | | | |
| Мақсаты: | Дөңгелек пішінді заттардың суретін салуды үйрету; екі түрлі қылқаламмен жұмыс істеуді; шығармашылық қабілеттерін, ой - қиялын дамыту, байқағыштығы мен көз мөлшерін, қолдың қимыл - қозғалыс үйлесімділігін қалыптастыру; ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Барлығы бір - бірлеріне жүректен шыққан жылы лебіздерін айтады.<br>«Қандай пішін?» дидактикалық ойыны. Дөңгелек пішінге ұқсас ойыншықтардың, заттардың аттары мен белгілерін атап айтады, балалармен бірге анықтайды. Балалар топ ішіндегі заттардан дөңгелекке ұқсас заттарды тауып айтады.<br>*Сергіту сәті:*<br><br>«Заттардың суретін аяқта» дидактикалық ойыны. Балаларға берілген фигураларды аяқта деген тапсырма беріледі. Суретті салуға кіріспес бұрын педагог салатын суретті нүкте арқылы көз мөлшермен жасап алуды, содан кейін қылқаламмен бастырып, толық бейне жасау туралы әңгімелеп түсіндіреді.<br><br>Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді. | | | | |

**Мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Мүсіндеу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Мүсіндеу». | | | | |
| Мақсаты: | Күз айлары молшылық, береке сыйлайтынын, көкөністер мен жемістер пісіп, жиын - терін болатынын түсіндіру. Тиянақтылыққа, ұқыптылыққа баулу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз мезгілінде неше ай бар?<br>- Ол қандай айлар?<br>Балалардан жылдың қай мезгілі екенін, күз мезгілінде табиғатта болатын өзгерістер мен ерекшеліктері болатынын сұрау. Күзде көкөністер мен жемістер пісіп, жиын - терін науқаны басталады. Күз мезгілі молшылықты, берекені білдіреді.<br>Тәрбиеші ермексазбен көкөністің үлгісін жасап балаларға көрсетеді.<br>Ермексазбен көкөністердің мүсінін жасау.<br><br><br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.<br>Сергіту сәті:<br>«Көкөністер мен жемістерді ажырат» дидактикалық ойыны. | | | | |

**Мүсіндеу ұйымд**

**астырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Қуыршаққа арналған кәмпиттер»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Ермексазды шымшып алуға және домалақ, жұмыр мүсін жасауға жаттықтыру.  Домалақтау, сопақшалау жолдарымен мүсіндеу тәсілдерін үйрету.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>- Қайырлы таң, көздерім, сендер ояныңдар!<br>- Қайырлы таң, құлақтарым, сендер ояныңдар!<br>- Қайырлы таң, саусақтарым, сендер ояныңдар!<br>Қайырлы  Күн, сен де ояндыңба?<br><br>Ғажайып сәт: Қуыршық Әсел қонаққа келіп тұр. Бүгін оның туған күні.<br>- Ал, біз қуыршаққа сыйлық ретінде өз қолымызбен кәмпит жасай аламызба? Педагог балаларға қуыршаққа кәмпит жасау техникасын көрсетеді. Ермексаздан әртүрлі пішінге салып, үш түрлі кәмпит жасайды.<br>Сергіту сәті:<br>Қуыршағым, келе ғой,<br>Менен кәмпит ала ғой.<br>Өкпелемей келе бер.<br>Өлең маған айта ғой.<br>Педагог жұмысты жалғастыруды ұсынады. Дайын болған кәмпиттерді кәмпит салатын ыдысқа салуды ұсынады.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Жапсыру</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Түлкі»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Түлкінің бейнесін қию арқылы пішіндер туралы түсініктерін нығайту, бұрынғы үйренген  әдіс - тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Оқу қызметі «Бауырсақ» ертегісінен басталады.<br>- Балалар түлкі мен бауырсақтың кездесуін еске түсірейік.<br>– Түлкінің түсі қандай?<br>– Құйрығы қандай?<br>Түлкінің баласын «жәутік» деп атайды. Оны естеріңде сақтаңдар. Бүгін біз осы түлкінің бейнесін қиып жапсыруды үйренеміз. Қайшымен жұмыс жасағанда қауіпсіздік ережелерін естеріне түсіруін сұрайды.  түлкінің дене бөліктерін, жасалу жолын көрсету. Педагог жұмыс барысында жекелеген балаларға көмектеседі. Шаршыны кесу сызығы арқылы екі бөлікке бөлеміз. Үлкен үшбұрыш – денесі. Кішкентай үшбұрыштардың біреуі – басы, жоғарыдағы екеуі – құлағы.Сопақша –құйрығы.<br>Сергіту сәті:<br>«Көлеңке» қимылды ойыны.<br>Көлбең - көлбең, көлеңкем,<br>Көлбеңдеген көлеңкем.<br>Түлкі қалай жүреді,<br>Кім көрсете біледі?<br>– Ал, балалар, біраз сергіп алдық, енді жұмысымызд жалғастырайық. Түлкінің қалған бөліктерін қиып алайық. Қиып дайындаған бөліктерді жапсыру тапсырылады.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҮІӘ | Жапсыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Шарбақ - қоршау». | | | | |
| Мақсаты: | Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Бақшамызға барғанда<br>Жолыққан бар жандарға.<br>Ертемен ақ пейілмен,<br>«Қайырлы таң» деймін мен<br>Балалардың серуенде жүргенде қоршау көргендерін естеріне түсіреді. Қоршау - ол біздің үйімізді қоршап тұрады.<br>- Қазір біздер сондай қоршауды қатты қағаздан жасаймыз.<br>- Алдымен қатырма қағаздан үлгіге қарап отырып бірдей қылып қоршау бөліктерін қиып аламыз да, желіммен жапсырамыз. Құрастырып көреміз. Міне, әдемі биік қоршау жасадық.<br>Балалар үлгіні қарап, қоршауды жасап шығады. Көмек қажет ететін балаларға педагог көмектеседі.<br>*Сергіту сәті.*<br>Балақан - ау, балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай - былай ойнат!<br><br>Педагог қортындылап,балаларды мадақтайды.<br>Балалар, біздер бүгін не істедік?<br>Сіздерге, бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? | | | | |

**Қыркүйек**
**Кіші топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Сиқырлы таяқшалар» | | | | |
| Мақсаты: | Балаларды қағазбен және қарындашпен таныстыру. Сурет салуға қызығушылықтарын арттыру, қарындашты ұстатуға үйрету, жаттықтыру. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар, мен жолда келе жатып, сиқырлы қорап тауып алдым, ол қорап мені сурет салуға үйретті. Қорапты алып сылдырлатады, неге сиқырлы болғандығына тоқталады. Бар сиқыры осы қарындаштың ұшында екеніне тоқталады. Қарындаштардан өздеріне сәйкесінше түс шығатынын айтады.<br>Қарындашпен сурет салу үшін қағаз керектігін түсіндіреді. Қарындашты оң қолдың үш саусағы - бас бармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақпен ұстап, ұшын қатты баспай жұмыс жасау жолдарын көрсетеді. Сонымен бірге үлестірмелі материалдағы суретке назарын аудартады. Қонжықтың қолындағы шарлардың жіптері үзіліп қалыпты. Шарлар жеңіл болғандықтан, ұшып кетуі мүмкін, сондықтан жіп тағып қоюымыз керек. Өздеріңіз қалаған түспен шарларды бояп, жіп саламыз.<br>*Сергіту сәті:*<br>Оң саусағым шаршады,<br>Сол саусағым шаршады.<br>Саусақтарым бірігіп,<br>Билеп, билеп алады.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді.<br>Балалардың салған суретіне қарап, баға береді, мадақтайды.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Түзу жолда, мен жүремін тура» | | | | |
| Мақсаты: | Балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Жолақ «жолдарға» бояуды біркелкі жаға білуге дағдыландыру, қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Іздің әртүрлі пішіндерін байқату. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Қараңыздаршы, балалар! Қылқаламмен сурет салу үшін қағаз керектігін түсіндіреді. Қылқаламды оң қолдың үш саусағы - бас бармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақпен ұстап, ұшын қатты баспай әртүрлі сызықтар сызып, жұмыс жасау жолдарын көрсетеді.<br>Оң саусағым шаршады,<br>Сол саусағым шаршады.<br>Саусақтарым бірігіп,<br>Билеп, билеп алады.<br>Қағазды қолмен ұстап, танысады. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, ауада сурет салу жолдарын қайталайды. Ұшына қарап, қатты баспау ережесін сақтап, қағаз бетіне сызықтар, жолақтар салып көреді. Сол қолмен қағазды басып ұстап отыруға жаттығады.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Алма». | | | | |
| Мақсаты: | Балаларды көрген затты көрсетуге бейнелеуге үйрету. Қарындашты оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Дөңгелектер мен таяқшаларды пайдаланып, тұтас бейне салуды үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Балаларға суреттердегі алманың суретін көрсетіп:<br>- Қараңыздаршы, балалар! Сіздер алманы жақсы көресіздерме?!<br>- Бүгін біз осындай жеміс суретін саламыз.<br>Балаларға алдындағы ақ параққа осындай алманың салу керектігін айту. Қарындашты қолдарына алып, қағаз бетіне дөңгелек салу керектігін түсіндіреді. Балалар суреттерін салып, болған соң, алаңда қол жаттығуларын жасайды.<br>Балалар мен «дөңгелек» пішінін пайдаланып, алдындағы ақ қағазға алма салып бейнелейді.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Сәбіз»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Балаларды көрген затты көрсетуге бейнелеуге үйрету. Қарындашты оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. «Сопақша» пішінді пайдаланып, тұтас бейне салуды үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. Заттарды бейнелеуде пайдаланылатын пішіндердің айырмашылығын түсіндіру.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Балаларға суреттердегі сәбіз суретін көрсетіп:<br>- Қараңыздаршы, балалар! Мынау ненің суреті? Бүгін біз осындай көгөністің суретін саламыз.<br>Балаларға алдындағы ақ параққа сәбіздің суретін салу керектігін айту. Қарындашты қолдарына алып, қағаз бетіне сопақша пішін салу керектігін түсіндіреді. Балалар суреттерін салып, болған соң, алаңда қол жаттығуларын жасайды.<br>Балалар мен «сопақша» пішінін пайдаланып, алдындағы ақ қағазға сәбіз салып бейнелейді.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Ермексаз түйіртпегі»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Ермексазды алақан арасына салып дөңгелектеу, саусақтармен ұсақтау тәсілдерін меңгерту. Заттардың ұқсастығын  таба білулерін қалыптастыру, саусақтың ұсақ бұлшықеттерінің қозғалыстарын жетілдіру. Мүсіндеуге деген қызығушылыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Сұрақтар қояды. Ермексаздың не екенін, қандай екенін, оның әртүрлі түсте болатынын, онымен әртүрлі мүсіндер жасауға болатынын түсіндіреді.<br>Педагог ермексаз түйіртпегін көрсетеді: ермеказды алақандарыңы салып, жұмсартып көріңдер.<br>Педагог ермексазды саусақтарымен қалай жұмсартуға болатынын, пішінін өзгерте отырып, әртүрлі бағытта сығымдауға болытынын көрсетеді.<br>Балаларға өздігінен ермексаз түйіртпегімен жұмыс жасауға мүмкіншілік береді.<br>Сергіту сәті.<br><br>Педагог ермексаз түйіртпегін үзіп көрсетеді. Балалар қайталайды.<br>Педаогог ережелерді сақтауға балалардың назарын аударады: жұмыстың соңынан қолдарын сүрту.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Балаларды ынталандырады.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Жапсыру | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Піскен алмалар» | | | | |
| Мақсаты: | Қоршаған орта және күзде пісетін жемістер туралы айту, балаларға жапсыру тәсілі үйретіледі, желіммен жұмыс істеген кезде тиянақты болуға үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Мынау не екенін білесіздер ме? (алманы көрсетіп тұрып)<br>Алманы жақсы көресіздерме?<br>Ендеше бүгін алманың суретін жасаймыз. Ол үшін алдымыздағы ақ параққа қызыл түстен алманы қиып алып жапсырамыз.<br>*Сергіту сәті:*<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едим барлығын,<br>Болып шықты он саусақ.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Балаларды ынталандырады.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Қазан айы**
**Кіші топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Саябаққа күз келді». | | | | |
| Мақсаты: | Балаларға қылқалам арқылы ағаштарда өскен және ағаштардан жерге түсіп жатқан сары жапырақтарды салуды үйрету; күз мезгілі туралы, жапырақтардың сарғайып, түсетіні туралы түсініктерін кеңейту. Қылқаламның ұшын сары бояуға малып, сұлбасы алдын ала салынған ағаш бұталарына, жерге жақпалар қалдырып отыруға жаттықтыру, жақпалау техникасын жетілдіру; қылқаламның ұшында бояудың біткенін байқап отыру қабілеттерін дамыту; төгілмеуіш пен тіреушені қолдану техникасын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, түстерді ажырату, қағаз бетін бағдарлау қабілеттерін дамыту. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | **Ғажайып сәт.** Балаларға еденде жатқан күзгі жапырақ көрсетіледі.<br>Педагог:<br>– Балалар, бұл не? Иә. Жапырақ.<br>– Сап-сары жапырақ. Бұл жапырақ қайдан түсті?<br>**Үлгіні зерттеу.**<br>Педагог: Алдымен, балалар, мен қандай түсті қолданатынымды ойланып аламын. Мен сары бояуды таңдадым. Қылқаламды үш саусағыммен ұстап, сары бояуға малып, ағаштың бұтақтарының сұлбасына жақпалаймын. Мына бұтаққа, енді басқа бұтаққа жағамын.<br>– Қылқаламымда бояу бітіп қалды, оны бояуға тағы маламын, бояуды ағаштың түбіне, жерге жақпалаймын. Бояуға тағы малып аламын, жерде көп жапырақтар жатыр, жел жапырақтарды ұшырып әкетті.<br>– Қызыл сары түсті бос жерлерге жақпалаймын.<br>– Суретті салып болдым, қылқаламды төлігмеуштегі суға шаямын, тіреушеге тіреп қоямын.<br>– Міне, балалар, алтын күздің келгені көрініп тұр.<br>– Балалар, жапырақтардың суретін салып көріңдер.<br>**Д. Ахметова «Жапырақтар ұшты» саусақ жаттығуы.**<br>Орташа ырғақты әуенжазба қосылады.<br><br>Жапырақтар желпілдеп (екі қолды жан-жаққа желпілдету)<br>Бұтақта отыр екен. (жұдырық түю)<br>Жел соға бастаса, (алақандарын көрсету)<br>Ұшып кетер ме екен? (саусақтарын еркін қимылдату)<br><br>**Өздігінен сурет салу.**<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br><br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | |
|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Сәбіз». | | | | |
| Мақсаты: | Балаларға қағаз бетінің ортасына қызыл сары түсті, сопақша пішінді сәбіздің суретін қылқаламмен салып бояуды үйрету; күз сыйы туралы ұғымдарды дамыту. Қылқаламды үш саусақпен ұстау, түгін бояуға малу, бір нүктеден қағаз бетінің бойымен тігінен доғалы сызық жүргізіп, оны астыға қарай қайта айналдырып, алғашқы нүктеге жеткізуді үйрету, салынып қойған сопақша пішінін қылқалам арқылы қызыл сары бояуға бояу техникасын қалыптастыру; төгілмеуіш пен тіреушені қолдану дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінін, елестету қабілетін дамыту. Балаларды адам еңбегін қадірлеуді, ептілікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | **Суретті көрсету.**<br>Балаларға сәбіздің суреті көрсетіледі.<br>– Балалар, мына көкөністі кім танып отыр? Жарайсыңдар!<br>– Сәбіз қайда өседі? Сәбіз туралы тағы не білеміз?<br>– Көжек туралы тақпақ білетін кім бар?<br>Педагог:<br>– Иә. Сәбіз қатты болса да, дәмі өте тәтті. Қоян сәбізді көбірек кеміріп жесе, қыс келгенде тоқ жүреді, оның қарны ашпайды.<br>– Балалар, Қоян сәбізді жақсы көреді. Оған көп сәбіз салып берейікші.<br>**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**<br>**Сурет салу амалдарын көрсету.**<br>Балаларға ақ қағазға сабағы жасыл бормен салынған сәбіздің суреті көрсетіледі.<br>Сурет салу үшін қызыл сары гуашь бояуы, қылқалам қолданылады. Сурет салу амалдарын көрсету барысында балалардың әрекетін бақылап тұру қажет. Көрсетуді нақтылы сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдеп отырамыз.<br>– Балалар, осы суретте сәбіздің сабағы бар, ал сәбіздің өзі әзірше жоқ.<br>– Мен қылқаламды қызыл сары бояуға малып аламын, ұшын қағаздың бір жақ шетіне салынған сабағына тигіземін, енді қылқаламның ұшын қағаз бетінен алмай, сопақша пішінін салып шығамын.<br>– Замира, мен қандай пішінді салып шықтым? Сопақша пішінін салдым. Жақсы.<br>– Қылқаламды бояуға тағы маламын, сәбіз пішінінің бойымен ортаға қарай жылжып, сызықтарды айналдыра жүргізіп отырамын.<br>– Егер менің бояуым бітіп қалса, бояуды тағы алып, сәбіз пішіні ортасындағы боялмай қалған ақ жерлерінің үстінен басып шығамын.<br>– Міне, балалар, мен қызыл сары түсті, сопақша пішінді сәбіздің суретін салдым. Сендер де осындай сәбізді салып көріңдер.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Тандыр нан». | | | | |
| Мақсаты: | Балаларға дөңгелек пішінді тандыр нанның бетін (суретін) шақпақтар мен дөңгелектер сияқты ою элементтері арқылы безендіру тәртібін үйрету; тандыр пісіретін пешпен таныстырып, нан өнімдері туралы білімдерін толықтыру. Фломастерді үш саусақпен ұстап, алдын ала салынған шағын дөңгелек пішіннің ішін тік және көлденең сызықтармен шақпаққа бөліп, дөңгелектің сыртын ұсақ дөңгелектер арқылы безендіру техникасын жаттықтыру; элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, пішін мен түстерді қабылдау, зейін мен елестету қабілетін дамыту; суретті әртүрлі элементтермен безендіруге қызығушылықтарын қалыптастыру; байқампаздыққа, ептілікке, адам еңбегін қадірлеуге тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | **Суретті көрсету.**<br>Тандыр пісіретін пештің суретін көрсету. Қағаздың бір жақ шетінде тандырдың суреті қарапайым оюлармен безендірілген.<br>**Сурет бойынша сұрақ-жауап.**<br>– Балалар, мынау не? Иә. Мынау тандыр пеш. Қайталайық.<br>– Тандырды қайда пісіреді? Иә. Тандыр пешке пісіреді.<br>– Таңдырдың пішіні қандай? Тандырдың пішіні дөңгелек. Жарайсың, Ақмарал.<br>– Балалар, тандырдың бетінде не бар? Иә. Оюлар бар. Бағлан, қайталай ғой. Жарайсың!<br>– Балалар, бүгін біз тандырды безендіріп, Еркежан әже мен қонақтарды қуантайық.<br><br>**Сурет салу амалдарын көрсету.**<br>Сурет салу үшін қызыл түсті фломастер қолданылады.<br>Сурет салу амалдарын көрсету барысында балалардың әрекетін бақылап тұру қажет.<br>Көрсетуді нақтылы сөздер мен фразалар арқылы сүйемелдейміз.<br>– Алдымен, балалар, үлкен дөңгелектің ортасындағы кішкентай дөңгелекті безендіремін. Дөңгелектің шеттерінен шықпай, түзу сызықтарды тігінен саламын. Міне, түзу сызықтар.<br>– Содан кейін түзу сызықтарды көлденең саламын. Менде не шықты? Дұрыс, Мұрат, менде шақпақ сурет шықты.<br>– Енді, балалар, мына жолаққа көзім түсіп тұр (кішкентай және үлкен дөңгелектің ортасында жатқан жолақтың бойымен саусақпен жүргізіп өтеміз).<br>– Бұл жолаққа кішкентай дөңгелектерді кезегімен саламын. Дөңгелектердің арасы ашық. Қараңдар (көрсету).<br>– Міне, балалар, менде әдемі тандыр нанның суреті шықты. Сендер де салып көріңдер.<br>**Өздігінен сурет салу.**<br>**Баламен жеке жұмыс.**<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

## Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

| ҰІӘ | Сурет салу | | | |
|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Апельсиндер». | | | | |
| Мақсаты: | Балаларға қызыл сары түсті дөңгелек пішінді апельсиндерді тіктөртбұрышты пішінге қатарластырып қаламмен салуды үйрету; мақта таяқшаларымен соққылау арқылы салынған шеңбер ішін бояуға толтыруды машықтау; жемістер туралы түсініктерін жетілдіру. Қылқаламды бояуға малып, тіктөртбұрыштың ішіне солдан оңға қарай бір қатарға көлемі біркелкі дөңгелектерді салу техникасын қалыптастыру; пішінді бояу техникасының негіздерін мақта таяқшаларын қолдану арқылы салу; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейіннің тұрақтылығын дамыту. Балаларды ептілікке, еңбекқорлыққа, адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | **КІРІСПЕ БӨЛІМ**<br>Сәулелері жарқырап тұрған күннің суреті.<br>Педагог:<br>– Балалар, танып қойдыңдар ма?<br>– Балалар, қазір далада күз мезгілі болса да, аспандағы күн бізге жылу сыйлап тұр.<br>Күн:<br>– Сәлем, балалар!<br>Балалар:<br>– Сәлем, жарық күн!<br><br>**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**<br>**Үлгіні зерттеу.**<br>Балаларға көлденең жатқан жолақтың бойына қылқаламның ұшымен салынған, бірнеше көлемі бірдей қызыл-сары түсті дөңгелек апельсиндердің суреті көрсетіледі. Апельсиндердің пішіндері үстінен мақта таяқшаларымен соққылау арқылы боялған.<br>Көрсеткіш қолданылады.<br>– Балалар, мынау нелер? Иә. Бұл апельсиндер. Жарайсыңдар!<br>– Апельсиндердің пішіні қандай? Иә. Пішіндері дөңгелек. Жақсы.<br>– Апельсиндердің түсі қандай? Қызыл сары түсті. Жарайсың, Сырым!<br>– Балалар, апельсиндердің көлемі әртүрлі ме? Үлкен, кішкентай? Иә, Сәкен, апельсиндердің көлемі бірдей. Қайталайық.<br>– Балалар, апельсиндердің сырты біркелкі емес. Оның сыртқы қабығының бетінде ұсақ-ұсақ ойықтар бар.<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>Ырғақты әуенжазба қосылады.<br>**Өздігінен сурет салу.**<br>**Баламен жеке жұмыс.**<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Мүсіндеу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Күзгі бақшаларға саяхат. Жемістер мен көгөністер». | | | | |
| Мақсаты: | Балаларға күз мезгіліндегі жеміс пен көгөністер туралы ұғымдар беру, балада сәбіздің көгөніске жататыны және күзде пісетіні туралы білімді қалыптастыру. Дайын ермексаз бөлігін алақанға салып жылытып, илеп, алақанмен үйкелеп, таяқша пішінін, "сәбізді" мүсіндеу техникасын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдау қабілеттерін, ақыл-ой мен зейінді дамыту. Ермексазбен жұмыс жасауды үйрету, көгөністерге, аңдардың күзгі тіршілігіне қызығушылық ояту. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | **КІРІСПЕ БӨЛІМ**<br>**Ғажайып сәт.**<br>Қонаққа кірпі келіп тұр, тікенектеріне алма мен сәбіз қадалып тұр.<br>- Балалар, мына жануарды кім таныды? Иә. Кірпі екен. Амандасайық. Сәлеметсіз бе!<br>- Кірпі өз арқасына бір нәрселерді қадап алыпты. Көрейік. Мынау нелер? (Алма мен сәбізді көрсету). Кім айтады? Жақсы. Алма, сәбіз.<br>- Алма қайда өседі? Иә. Ағашта өседі. Алманы ағашқа шығып алады. Алма көгөніс пе? Жеміс.<br>- Сәбіз қайда өседі? Иә. Жүйекте өседі. Сәбізді жерден қазып алады. Сәбіз жеміс пе? Көгөніс. Жарайсыңдар.<br>**Көркем сөз.**<br>Жеміс ағашта өседі,<br>Қол созсаң ғана - түседі.<br>Көгөністі жасырады,<br>Қазып көрсең - ол шығады. (Д. Ахметова)<br>– Балалар, кірпі де адамдар сияқты қысқа дайындалады.<br>– Кірпіге жеміс пен көгөністерді мүсіндеп берейікші.<br>**2. НЕГІЗГІ БӨЛІМ**<br>– Сендерге көмекке мен бірнеше суретті іліп қоямын, түстерін байқап көріңдер.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Өздігінен мүсіндеу.**<br>**ҚОРЫТЫНДЫ** | | | | |

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Жапсыру | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Торғайды жаңбырдан жасырайық». | | | | |
| Мақсаты: | Балаларды қағаз бетіндегі дайын торғай пішіні үстіне бұлттан төмен қарай "аққан" тамшыларды жапсырып, жаңбырлы күні шатыр астында отырған торғай туралы сюжеттік жапсырма үлгісін жасауға үйрету; композиция туралы негізгі ұғымдар қалыптастыру; күз мезгілі құбылыстары жөнінде білімдерді жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын желімді кескінге жағып, майлықпен сүрту амалдары арқылы дамыту; тамшылар кескіндерін үстіден төменге қарай бағыттап жапсыру техникасына машықтандыру; қарапайым композицияны құруда жазықтықты бағдарлауға үйрету; зейінді, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын арттыру; құстарды аялай білуге тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | **КІРІСПЕ БӨЛІМ**<br>**Бейнероликті көрсету.**<br>Күздің келгені туралы бейнеролик көрсетіледі. Жаңбыр жауады, сары жапырақтады жел ұшырып барады, құстар жылы жаққа ұшып кетіп жатыр, ағаш бұтағында торғай отыр.<br>**НЕГІЗГІ БӨЛІМ**<br><br>**Жапсыру амалдарын көрсету.**<br>Балалар алдындағы панноға не тақтаға, қағаз үстінде бұлттың дайын сұлбасы және төменде торғайдың дайын кескіні бар үлгі орналастырылады.<br>– Балалар, мен жаңбыр жаумай тұрғанда ең біріншіден шатырды жапсырамын.<br>– Мен шатыр кескінін жаймада аударып, қылқаламды үш саусақпен ұстап, желімді алып кескін шетіне жағамын. Кескінді екінші қол саусақтарымен тіреп отырамын. Егер желім бітіп қалса, тағы да малып, жағамын. Қылқаламды тіреушеге қойып, кескінді қағазға, торғайдан жоғары, аударып, жапсырамын. Майлықпен кескін үстінен басып, артығын сүртіп аламын.<br>– Балалар, торғайдың үсті су болмайды. Міне жаңбыр жауады.<br>Балаларға тамшылардың жапсыру амалдарын көрсету. Жапсыру орындарын көрсетіп, түсіндіру.<br>– Балалар, мен тамшыны бұлттан төмен жапсырамын. Жанына тағы да жапсырамын.<br>Уақытты үнемдеу үшін, тамшылар кескіндеріне желімдерді алдын-ала жағып қоюға болады.<br>– Балалар, тамшылар бұлттың барлық шетінен ағып, оң жақта, сол жақта, ортада, төменде, бұрышта жапсырылған.<br>– Зере, тамшылар қайда жапсырылған? Оң жақта, сол жақта, ортада, төменде, бұрышта. Жарайсың.<br>Бұл сұраққа бірнеше бала бір сөзден айтып тура жауап беруі мүмкін.<br>Желімнің сүртілуіне, жұмыстың тазалығына балалардың назары аударылады.<br>**Саусақ жаттығуы.**<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.** | | | | |

**Қазан айы**
**Ересек топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Күзгі жапырақтар». | | | | |
| Мақсаты: | Күзгі табиғаттың ерекшеліктерін білуге. Балаларға бірлесе отырып, алақан арқылы жапырақ салуды үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп таныcты кезіктік.<br>Бәріне де ізетпен,<br>Иіліп сәлем береміз.<br>- Мына жапырақтарға қарандаршы, түстері қандай керемет.<br>Балалардан олардың түстерін сұрайды.<br>Күз мезгілінде жапырақтар түсінің өзгеретінін түсіндіріп өтеді.<br>- Ендеше осындай әдемі қызғылт сары жапырақтардың суретін салып көрейік.<br>Бір алақандарыңды сары бояуға батырып, таза қағаз бетіне бірнеше жапырақтардың бейнесін салыңдар. Енді екінші алақандарыңды қызыл бояуға батырып, жапырақтарды саламыз. Біздің қағазымызда екі түсті жапырақтардың суреттері пайда болды. Демек, жапырақ формасы біздің алақанымызға ұқсайды екен.<br>*Сергіту сәті:*<br>Жел соқты, жел соқты,<br>Ағаштар желмен шайқалды.<br>Жел соқты, жел соқты,<br>Жапырақ түскен байқалды.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Досыма ұсынамын жылы алақанымды».</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Дәстүрден тыс әдіспен алақанды қолданып бейне салуды үйрету.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Ғажайып сәт. Қане, балалар, баққа саяхатқа барғыларыңыз келе ме? Олай болса бәріміз көзімізді жұмайық. Ал, енді көзімізді ашайық (педагог матамен жабылған ағаштың жамылғысын ашады). Міне, балалар бұл жай ағаш емес, Досық ағашы, оны достарымызға теңестіріп көрейік. Ол үшін сендер ақ қағаздың бетіне алақанымызды қойып, оның үстін қаламмен басып шағамыз. Бес саусақ ол сіздердің достарыңыз, сондықтан әр саусақтың басына олардың суретін саласыздар.<br>Балалар алақандарын фломастермен бастырады. Әр саусақтың басына достарының суретін салуды тапсырады. Балала үлгіге қарап орындайды.<br>Сергіту сәті:<br>Оң қолымды бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едім барлығын<br>Болып шықты он саусақ.<br><br>Жекелеген балаларға көмек көрсетіледі.<br>Жұмыстарын аяқтайды.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Шарлар» | | | | |
| Мақсаты: | Саусақтың ұштарымен дөңгелек із қалдыра отырып, шарларды бейнелеу. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | Балаларға қағаз парағын ұсынып, шарлар салып көрейік деп ұсынады. Алдыменен өзі саусақтармен шарлар салу үлгісін балаларға көрсетеді. Балалар салып отырғанда жеке көмек береді. Балалар сурет салып болған соң, денелерін шынықтыруға алаңға шығады.<br>Балалар алдындағы ақ қағазға саусақтарымен шарлар суретін салып бейнелейді.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Сандықты безендіру» | | | | |
| Мақсаты: | Бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ оюларының кейбір элементтерін салуды үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | Балаларға қазақ ұлттық бұйымдарын көрсету, ондағы ою – өрнектермен таныстыру. Балаларға әдемі әшекейленген сандықты көрсетіп, ақ қағаз бетіне салынған оюы жоқ сандық суретін береді. Осы сандықты безендіру керектігін айтады.<br>Педагог демонстрациялық материалдарды көрсетіп: сандықтың пішінін, үлгідегі сандықтың өрнектердің пішінін және түстерін сұрайды.<br>Педагог жұмыс барысында балаларға пішіндерді сандықтың бір шетінен бастап, арақашықтықты сақтай отырып салуды түсіндіреді. Жұмыс барысында балаларға нақты бағыт – бағдар беріп отырады.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Мүсіндеу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Күзгі бақшаларға саяхат. Жемістер мен көгөністер». | | | | |
| Мақсаты: | Балаларға күз мезгіліндегі жеміс пен көгөністер туралы ұғымдар беру, балада сәбіздің көгөніске жататыны және күзде пісетіні туралы білімді қалыптастыру. Дайын ермексаз бөлігін алақанға салып жылытып, илеп, алақанмен үйкелеп, таяқша пішінін, "сәбізді" мүсіндеу техникасын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдау қабілеттерін, ақыл-ой мен зейінді дамыту. Ермексазбен жұмыс жасауды үйрету, көгөністерге, аңдардың күзгі тіршілігіне қызығушылық ояту. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | **НЕГІЗГІ БӨЛІМ**<br>**Үлгіні зерттеу.**<br>Балалардың алдына ермексаздан жасалған жемістер мен көгөністердің үлгілері көрсетіледі.<br>– Балалар, мына заттарды бір-бір сөзбен қалай айтамыз? Кім айтады?<br>– Әрине, бұндағы жеміс пен көгөністердің ұқсастығы бар. Мысалы, пішіндерін алсақ қандай екі түрлі пішін көзге көрінеді? Мадияр, айта ғой. Иә. Дөңгелек және сопақша.<br>– Мадияр, дөңгелек жемістер мен көгөністерді екі ыдысқа бөліп берші. Жарайсың. Отыра ғой.<br>Педагог бір-бірден шарға ұқсас денелілерді (балалар үшін дөңгелектер) кезекпен көтеріп, көрсетеді.<br>– Бұбигүл айтып көр. Алма, апельсин, қызанақ. Жарайсың.<br>Педагог бір-бірден цилиндрге ұқсас денелілерді (балалар үшін сопақшалар) кезекпен көтеріп көрсетеді.<br>– Байғали айтып көр. Банан, қияр, сәбіз. Жарайсың.<br>**Сергіту сәті.**<br>**Өздігінен мүсіндеу.**<br>**ҚОРЫТЫНДЫ** | | | | |

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Жапсыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Торғайды жаңбырдан жасырайық». | | | | |
| Мақсаты: | Балаларды қағаз бетіндегі дайын торғай пішіні үстіне бұлттан төмен қарай "аққан" тамшыларды жапсырып, жаңбырлы күні шатыр астында отырған торғай туралы сюжеттік жапсырма үлгісін жасауға үйрету; композиция туралы негізгі ұғымдар қалыптастыру; күз мезгілі құбылыстары жөнінде білімдерді жетілдіру. Қолдың ұсақ моторикасын желімді кескінге жағып, майлықпен сүрту амалдары арқылы дамыту; тамшылар кескіндерін үстіден төменге қарай бағыттап жапсыру техникасына машықтандыру; қарапайым композицияны құруда жазықтықты бағдарлауға үйрету; зейінді, ақыл-ой қабілеттерін дамыту. Балалардың табиғат құбылыстарына деген қызығушылықтарын арттыру; құстарды аялай білуге тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | Балаларға үлгінің бірінші нұсқасы көрсетіледі.<br>– Балалар, мына суретте нені көріп отырсыңдар? Кім айтады? Иә. Торғай отыр. Сырым, сен не көріп отырсың? Жарайсың.<br>– Қалай ойлайсыңдар, торғай қуанып отыр ма? Неге қуанбайды? Иә. Күн бұлтты, жаңбыр жауады. Сабира, қайтала. Иә. Дұрыс айтасың.<br>– Балалар, жаңбыр жауса не істеу керек? Иә. Торғайға шатыр керек. Самал, торғайға не керек? Жарайсың.<br>– Міне, мен шатыр жапсырып қойғанмын. Фархат, мынау не? Иә. Мынау шатыр. Жақсы.<br>– Балалар, ауа-райы бұзылды. Не болды? Иә. Арман, жаңбыр жауып тұр. Жарайсың.<br>– Балалар, мынау, тамшылар. Қайталайық. Олар не істеп жатыр? Тамшылар тамшылап жатыр. Жарайсың, Дидар.<br>Көрсеткішпен көрсетіп отыру.<br>– Балалар, мен жаңбыр жаумай тұрғанда ең біріншіден шатырды жапсырамын.<br>– Мен шатыр кескінін жаймада аударып, қылқаламды үш саусақпен ұстап, желімді алып кескін шетіне жағамын. Кескінді екінші қол саусақтарымен тіреп отырамын. Егер желім бітіп қалса, тағы да малып, жағамын. Қылқаламды тіреушеге қойып, кескінді қағазға, торғайдан жоғары, аударып, жапсырамын. Майлықпен кескін үстінен басып, артығын сүртіп аламын.<br>– Балалар, торғайдың үсті су болмайды. Міне жаңбыр жауады.<br>Балаларға тамшылардың жапсыру амалдарын көрсету. Жапсыру орындарын көрсетіп, түсіндіру.<br>– Балалар, мен тамшыны бұлттан төмен жапсырамын. Жанына тағы да жапсырамын.<br>Уақытты үнемдеу үшін, тамшылар кескіндеріне желімдерді алдын-ала жағып қоюға болады.<br>– Балалар, тамшылар бұлттың барлық шетінен ағып, оң жақта, сол жақта, ортада, төменде, бұрышта жапсырылған.<br>– Зере, тамшылар қайда жапсырылған? Оң жақта, сол жақта, ортада, төменде, бұрышта. Жарайсың.<br>Бұл сұраққа бірнеше бала бір сөзден айтып тура жауап беруі мүмкін.<br>Желімнің сүртілуіне, жұмыстың тазалығына балалардың назары аударылады.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын жұмыс үшін мақтау және оқу қызметін пысықтау.** | | | | |

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Күн мен бұлт»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Мүсіндеу жұмысында қолданылатын материалдармен, құралдармен таныстыру. Мүсіндеудің негізгі тәсілдерімен таныстыру. Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру. Шығармашылыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Күніміз жарық болсын!<br>Аспанымыз ашық болсын!<br>Деніміз сау болсын!<br>Көк туымыз биік болсын!<br>Педагог балаларға жұмыс істейтін орындарын дайындап, құрал - саймандарының тақтайша, ермексаз, таяқша, қол орамалдарының ретімен тұру керектігін айтады. Үстел үстін, киімін бүлдірмей материалдармен ұқыпты жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру мақсатында тақтайшада мүсіндеу үшін қажетті материалдарды қолдану керектігін түсіндіреді. Ермексазбен жұмыс аяқталғаннан кейін, қолды орамалмен сүртіп, сабынмен тазалап, жуу керектігін ұғындырады.<br>Ермексазбен жұмыс.<br>Сергіту сәті.<br>Балақан - ау, балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай - былай ойнат!<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Жапсыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Үйлер» | | | | |
| Мақсаты: | Архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой - қиялдарын жетілдіру, шығармашылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | Педагог балалармен өздері тұратын ауыл, қала, көше және өз балабақшалары орналасқан көше туралы қысқаша сұрақ - жауапқа құрылған кіріспе әңгіме өткізеді.<br>– Біз қай республикада тұрамыз?<br>– Біздің ауылымыз қалай аталады?<br>– Өздерің тұратын көшені атаңдар?<br>– Ал біздің балабақшамыз қалай аталады?<br>Педагог:<br>–Балалар, үйлерді кімдер салады?<br>Педагог қауіпсіздік ережелерін және тазалық шараларын ескертеді.<br>1. Үлкен тіктөртбұрышты қиямыз (үйдің қабырғасы).<br>2. Үшбұрышты қиямыз (үйдің шатыры).<br>3. Шаршыларды қиямыз (үйдің терезесі).<br>Педагог жұмыс барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөледі.<br><br>*Сергіту сәті.*<br>Балақан - ау, балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай - былай ойнат!<br> | | | | |

**Қараша айы**
**Кіші топ**

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Тамшылар» | | | | |
| Мақсаты: | Қылқаламмен жұмыс жасап үйрету. Қылқаламмен көгілдір бояумен парақ бетіне жоғарыдан төмен қарай сызық салу арқылы тамшыларды бейнелеу. Қылқаламды оң қолдарына ұстап, сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Педагог балаларды тақта алдына жинап, жаңбыр суреттерін көрсетеді. Жаңбыр жауғанда шыны терезе бетінде сызықша боп тамшылар түседі деп түсіндіреді.<br>Балаларға қағаз парағын ұсынып, жаңбыр салып көрейік деп ұсынады. Балалар алдындағы ақ қағазға жаңбыр тамшыларының суретін салып бейнелейді. Алдыменен өзі жаңбыр тамшыларын қыл қаламмен көгілдір бояумен түзу, тік сызықтар етіп салу үлгісін балаларға көрсетеді. Балалар салып отырғанда жеке көмек береді.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Сылдырмақтар» | | | | |
| Мақсаты: | Қарындашпен дөңгелектер мен ұзын таяқшалардан сылдырмақтар салуды үйрету. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар мен есіктің алдынан мына қапшықты тауып алдым, ішін ашып көрейін. Ой, ішінде әсем сылдырмақпен хат бар екен. Оқып көрейік.<br>Ауылдағы атамыз осы сылдырмақты маған көп етіп салып беріңіздерші, -деп жазған.<br>Ендеше балалар, сылдырмақтың суретін саламызба? Балаларға сылдырмақтың салу үлгісін көрсетеді. Балалар салып отырғанда жеке көмек береді. Балалар аталарына сылдырмақтың суретін салып болған соң таныс қимылды ойынды ойнайды.<br>Балалар алдындағы ақ қағазға сылдырмақтың суретін салып бейнелейді.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Құм бетіне сылдырмақ салу» | | | | |
| Мақсаты: | Құм бетіне сылдырмақ салу. Құм бетіне дөңгелектер мен ұзын таяқшалар салуды үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар, қараңыздаршы Аружан бізге ойыншық сылдырмақтар алып келіпті. Біз өткен оқу қызметтерімізде қағазға сылдырмақ салуды үйренген болатынбыз. Енді біз сылдырмақтың суретін құм бетіне салуды үйренеміз.<br>- Ендеше балалар, құм бетіне сылдырмақ суретін салайық. Әр бала өз орындарына жайғасып, сурет салады. Сала алмаған балаларға жеке көмек беріледі. Балалар суретін салып болған соң, денелерін шынықтыруға алаңға шығады.<br>Балалар құм планшетінің бетіне сурет салуға қызыға кіріседі.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

# Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Қызыл – сары жапырақтар»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Балаларға бірлесе отырып, алақан арқылы жапырақ салуды үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп таныcты кезіктік.<br>Бәріне де ізетпен,<br>Иіліп сәлем береміз.<br>- Мына жапырақтарға қараңдаршы, түстері қандай керемет.<br>Балалардан олардың түстерін сұрайды.<br>Күз мезгілінде жапырақтар түсінің өзгеретінін түсіндіріп өтеді.<br>- Ендеше осындай әдемі қызғылт сары жапырақтардың суретін салып көрейік.<br>Бір алақандарыңды  сары бояуға батырып, таза қағаз бетіне бірнеше жапырақтардың бейнесін салыңдар. Енді екінші алақандарыңды қызыл бояуға батырып, жапырақтарды саламыз. Біздің қағазымызда екі түсті жапырақтардың суреттері пайда болды. Демек, жапырақ формасы біздің алақанымызға ұқсайды екен.<br>Сергіту сәті:<br>Жел соқты, жел соқты,<br>Ағаштар желмен шайқалды.<br>Жел соқты, жел соқты,<br>Жапырақ түскен байқалды.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, жұмыс аяқталған соң мадақтайды.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Мүсіндеу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Доптар» | | | | |
| Мақсаты: | Ермексазды алақан арасына салып дөңгелектеу әднстерін меңгерту. Сөздік қорларын қалыптастыру. Сөйлеу тілдерін дамыту. Саусақтардың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Допты ұстап тұрып:<br>Добым, добым, домалақ,<br>Қайда кеттің домалап.<br>Үстел үстін бүлдірдің,<br>Тәрелкені сындырдың, - деп сұқ саусағымен допқа ренжіген сыңай байқатады.<br>Педагог:<br>- Бүгінгі оқу қызметінде біз күнде ойнап жүрген сүйікті ойыншығымыз – допты мүсіндейміз.<br>Демонстрациялық материалдарға назар аударады.<br>- Осы көк, қызыл, жасыл түстерді пайдаланып, үлкен допты жасаймыз.<br>Педагог жұмыс бастамас бұрын ұқыптылық ережелерін қайталайды. Жұмыс барысын көрсетеді.<br>*Сергіту сәті:*<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Балаларды ынталандырады.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҮІӘ | Жапсыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Банкадағы қияр мен қызанақ» | | | | |
| Мақсаты: | Бұрыштарын қайырып - шаршыдан шеңбер, тіктөртбұрыштан - сопақ пішінді қиюды үйрету, назарлары мен ойлау қабілеттерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балаларға жапсыру тәсілі үйретіледі, желіммен жұмыс істеген кезде тиянақты болуға үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Менің қолымдағы заттар қалай аталады? (қызанақ пен қиярды көрсетіп тұрып)<br>Қияр мен қызанақтан не жасайды?<br>Жұмыстың орындалу ретін түсіндіреді.<br>- Шаршының түсі қандай? Бұл шаршыдан дөңгелек қиямыз. Бұл қызанақ болады. Бұрыштарын дөңгелетіп қиямын, дөңгелек шығады.<br>– Тіктөртбұрыштың түсі қандай? Бұрыштарын дөңгелетіп, сопақ пішінді қиямыз. Неге ұқсады?<br>Қайшымен жұмыс істеу кезінде міндетті түрде қауіпсіздік ережесін сақтаймыз.<br><br>*Сергіту сәті:*<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едим барлығын,<br>Болып шықты он саусақ.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Балаларды ынталандырады.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Қараша айы**
**Ортаңғы топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҮІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Алтын күз». | | | | |
| Мақсаты: | Күзгі табиғаттың ерекшеліктерін білуге. Балаларға бірлесе отырып, алақан арқылы жапырақ салуды үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп танысты кезіктік.<br>Бәріне де ізетпен,<br>Иіліп сәлем береміз.<br>- Мына жапырақтарға қараңдаршы, түстері қандай керемет.<br>Балалардан олардың түстерін сұрайды.<br>Күз мезгілінде жапырақтар түсінің өзгеретінін түсіндіріп өтеді.<br>- Ендеше осындай әдемі қызғылт сары жапырақтардың суретін салып көрейік.<br>Бір алақандарыңды сары бояуға батырып, таза қағаз бетіне бірнеше жапырақтардың бейнесін салыңдар. Енді екінші алақандарыңды қызыл бояуға батырып, жапырақтарды саламыз. Біздің қағазымызда екі түсті жапырақтардың суреттері пайда болды. Демек, жапырақ формасы біздің алақанымызға ұқсайды екен.<br>Сергіту сәті:<br>Жел соқты, жел соқты,<br>Ағаштар желмен шайқалды.<br>Жел соқты, жел соқты,<br>Жапырақ түскен байқалды.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>Балалар өздерінің жұмыстарын қарап, салыстырып, еңбектеріне баға береді<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, жұмыс аяқталған соң мадақтайды. | | | | |

## Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Күз бейнесі», «Жапырақтар» | | | | |
| Мақсаты: | Күзгі табиғаттың ерекшеліктерін білуге. Балаларға бірлесе отырып, алақан арқылы жапырақ салуды үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп танысты кезіктік.<br>Бәріне де ізетпен,<br>Иіліп сәлем береміз.<br>- Мына жапырақтарға қарандаршы, түстері қандай керемет.<br>Балалардан олардың түстерін сұрайды.<br>Күз мезгілінде жапырақтар түсінің өзгеретінін түсіндіріп өтеді.<br>- Ендеше осындай әдемі қызғылт сары жапырақтардың суретін салып көрейік.<br>Бір алақандарыңды сары бояуға батырып, таза қағаз бетіне бірнеше жапырақтардың бейнесін салыңдар. Енді екінші алақандарыңды қызыл бояуға батырып, жапырақтарды саламыз. Біздің қағазымызда екі түсті жапырақтардың суреттері пайда болды. Демек, жапырақ формасы біздің алақанымызға ұқсайды екен.<br>*Сергіту сәті:*<br>Жел соқты, жел соқты,<br>Ағаштар желмен шайқалды.<br>Жел соқты, жел соқты,<br>Жапырақ түскен байқалды.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>Балалар өздерінің жұмыстарын қарап, салыстырып, еңбектеріне баға береді<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, жұмыс аяқталған соң мадақтайды. | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Сәбіз» | | | | |
| Мақсаты: | Сәбіздің суретін сала білуге үйрету. Балалардың сопақша пішіннен бейне жасау, бейнені қабылдау қабілеттерін дамыту. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Педагог сурет бойынша жыл мезгілі туралы әңгіме жүргізеді.<br>- Қоянның қолында не бар? Педагог салыстыру, түстерін ажырату, пішіндерін айту сияқты т.б. жұмыстарды жүргізеді.<br>Балаларға суреттердегі сәбіз суретін көрсетіп:<br>Қараңыздаршы, балалар! Мынау сәбіздің суретін саламыз.<br>- Сәбіз қанша түстен тұрады?<br>*Сергіту сәті:*<br>Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды.<br>Ойлы-қырлы жерлермен,<br>Ытқып - ытқып жүгірді.<br>Қарап еді артына,<br>Қиығын салып көзінің.<br>Келе жатқан томпаңдап,<br>Көжегі екен өзінің.<br>Педагог балалардан қояндардың қолындағы сәбіздің суретін салуды сұрайды.<br>- Алдымен қарындашпен жіңішке сызық пен ұзын екі сопақша сызықтарды кезекпен сызып, бір - біріне қосамыз. Сәбіздің ұш жағы жіңішке, бас жағы жуандау болып келеді. Содан кейін сабағын саламыз. Сәбіз суретін қызғылт сары түспен бояймыз.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>Педагог балалардың суретті жақсы салғандарын, қоянның қуанып, алғысын білдіргенін айтып, көңілдерін көтереді. Оқу іс-әрекетін сұрақ-жауап арқылы қорыта келе балалардың жұмысына талдау жасайды, мақтап - мадақтайды. | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Тамшылар»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Алақанмен, саусақтармен жұмыс жасап үйрету. Саусақпен көгілдір бояумен парақ бетіне нүктелеп салу арқылы тамшыларды бейнелеу. Саусақтарда қатты баспай сурет салуға жаттықтыру, саусақтың ұсақ бұлшық еттерін дамыту. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Педагог балаларды тақта алдына жинап, жаңбыр суреттерін көрсетеді. Жаңбыр жауғанда шыны терезе бетінде сызықша боп тамшылар түседі деп түсіндіреді.<br>Балаларға қағаз парағын ұсынып, жаңбыр салып көрейік деп ұсынады. Алдыменен өзі жаңбыр тамшыларын қыл қаламмен көгілдір бояумен түзу, тік сызықтар етіп салу үлгісін, содан кейін саусақпен салу әдісін балаларға көрсетеді.<br>Балалар салып отырғанда жеке көмек береді.<br>Балалар алдындағы ақ қағазға жаңбыр тамшыларының суретін салып бейнелейді.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Бүгінгі танысқан сөздерін қайталап, сөздік жұмысын жасайды. Өз салған суреттеріне қарап, әдемі сурет салғандарына көз жеткізеді. Педагог балаларға көмек көрсетіп, жұмыс аяқталған соң мадақтайды.</td></tr>
</table>

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Көгөністер»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Күз айлары молшылық,  береке сыйлайтынын, көкөністер мен жемістер пісіп,<br>жиын - терін болатынын түсіндіру. Тиянақтылыққа, ұқыптылыққа баулу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастыры лған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз мезгілінде неше ай бар?<br>- Ол қандай айлар?<br>Балалардан жылдың қай мезгілі екенін, күз мезгілінде табиғатта болатын өзгерістер мен ерекшеліктері болатынын сұрау. Күзде көкөністер мен жемістер пісіп, жиын - терін науқаны басталады. Күз мезгілі молшылықты, берекені білдіреді.Тәрбиеші ермексазбен көкөністің үлгісін жасап балаларға көрсетеді. Ермексазбен көкөністердің мүсінін жасау.<br><br>Сергіту сәті:<br><br>«Көкөністер мен жемістерді ажырат» дидактикалық ойыны. Балалар жұмыс орындарын дайындайды.<br><br><br><br>Балалар жұмыс жасайды.<br>Ойынға белсене қатысады.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br><br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.</td></tr>
</table>

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Жапсыру</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Шарбақ - қоршау»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Бақшамызға барғанда<br>Жолыққан бар жандарға.<br>Ертемен ақ пейілмен,<br>«Қайырлы таң» деймін мен<br>Балалар шеңберге тұрып бір – біріне жылы лебіздерін білдіреді<br>Балалардың серуенде жүргенде қоршау көргендерін естеріне түсіреді. Қоршау - ол біздің үйімізді қоршап тұрады.<br>- Қазір біздер сондай қоршауды қатты қағаздан жасаймыз.<br>- Алдымен қатырма қағаздан үлгіге қарап отырып бірдей қылып қоршау бөліктерін қиып аламыз да, желіммен жапсырамыз. Құрастырып көреміз. Міне, әдемі биік қоршау жасадық.<br><br>- Балалар үлгіні қарап, қоршауды жасап шығады. Көмек қажет ететін балаларға педагог көмектеседі.<br>- Сергіту сәті.<br><br>Балақан - ау, балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай - былай ойнат!<br>Балалар қызығушылықпен жұмыс жасайды.<br><br>Сәйкесінше жаттығулар жасайды.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br><br>Педагог қортындылап,балаларды мадақтайды.<br>Балалар, біздер бүгін не істедік?<br>Сіздерге, бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?</td></tr>
</table>

**Қараша айы**
**Ересек топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Жүзім». | | | | |
| Мақсаты: | Балаларға әртүрлі сурет салу әдістерін үйрету; пішіндерді атап, ажырата білуге, есте сақтау қабілетін дамыту, түстерді атай білуге үйрету; көрсету; достыққа тәрбиелеу, әдемілікке, әдептілікке тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>- Қараңыздаршы, балалар, мынау суретте жүзім салынған қараңыздар. Біздер де алдымыздағы ақ параққа жүзім суретін саламыз. Ендеше орнымызға жайғасайық.<br>Педагог жұмыс бағытын түсіндіреді.<br>- Алдымыздағы күлгін бояуға саусақтың ұшын батырып, параққа басамыз. Калған із жүзім дөңгелектеріне ұқсайды. Жүзімді бейнелеп болған соң, алақанымызды жасыл бояуға батырып, жүзімнің жапырақтарын бейнелейміз.<br><br>*Сергіту сәті:*<br>Іші толған шәрбат,<br>Дәмі қандай әйбат.<br>Үзесің бірден жүзін<br>Оның аты - ....(жүзім)<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Машина дөңгелектері» | | | | |
| Мақсаты: | Таңбалап басу арқылы машина дөңгелектерін салу. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>Балаларды ортаға жинап, түрлі түсті автомобильдер ойынынт ойнатады. Ойын шарты: балаларды екі шағын топқа бөледі. Екі түрлі автомобиль рөлдерін береді – сары және қызыл. Жетекші қандай түсті жалау көрсетсе, сондай түсті автомобильдер ашық алаңда жүре бастайды. Жалау түсірілгенде орындарына барып, жайғасады. Ойын үш рет қайталанады.<br>Тақтада ілулі тұрған суретті көрсетіп, бұл жерде машинаның дөңгелектері жоқ.<br>Машина дөңгелексіз қозғала алмайды. Біз дөңгелектерді салайық деп балаларды орындарына отырғызып, таңба басу әдісімен дөңгелектерді салуды үйретеді.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Шалғындағы бақбақтар» | | | | |
| Мақсаты: | Дәстүрден тыс әдістермен сурет салу дағдыларын үйрету. Балаларды егістікте өсіп тұрған бақбақ гүлінің пішінін сұрай отырып, гүлдің әдемілігін сурет арқылы жеткізуге үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>Педагог балалардан серуен кезінде қандай гүлдерді көргендері жайлы сұрайды. Балалар мен сіздерге бір жұмбақ жасырамын, тауып көріңіздерші?<br>Көктем мен жаз шыққанда,<br>Басына сары қалпақ киеді.<br>Күзге қарай қалпағы,<br>Қалқи ұшып кетеді.<br>Бұл не, балалар? (Бақбақ гүлі)<br>Балалар жұмбақтың шешуін таппай қиналса, педагог жауабын өзі айтып, көмектеседі.<br>Педагог балаларға бақбақ гүлінің суретін көрсетеді.<br>*Сурет салудың тәсілін түсіндіреді:*<br>Педагог балаларға жұмыс бағытын көрсетеді. Шашақтап қиылған түтікше қағазды боуға батырып, ақ параққа із түсіреді. Ақ парақ бетіне түскен іздер бақбақ гүлін бейнелеп тұрғанын айтады. Балалар өз бетінше жұмыс жасауға кіріседі. Балалардың жұмыс жасағандарына мұқият қарап бақылайды. Соңында балалар қолдарын сүрткішке сүртеді.<br>*Сергіту сәті:*<br>«Бақбақты үрлейміз» тыныс алу жаттығулары.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді, мадақтайды. | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Бұлт күнді жапты» | | | | |
| Мақсаты: | Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін, аспанда қалқып жүрген бұлттардың суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүйе білуге, құрметтеуге және ұқыптылықпен карауға тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>Тәрбиеші «Күз» туралы өлең шумақтарын оқиды. Күзде күннің жиі бұлттанатынына балалардың назарын аударады.<br>Сөздік жұмыс.<br>Иллюстрациялық суреттерді көрсетіп, күз мезгілінде табиғатта болатын ерекшеліктер туралы әңгімелеседі.<br>- Күз мезгілінде аспанды бұлт қаптайды, осы бұлттардың суретін салыңыздар.<br>Балаларға алдарындағы қағазда күннің суреті салынғандығын, бүгін осы күннің бетін бұлт жауып тұрған сюжетті сурет салу керектігін түсіндіреді.<br><br>Сұр және көгілдір түсті гуашьтар езіліп дайындалып қояды. Соны қылқаламмен мол қылып алып, тамшылату әдісімен бұлттарды салу әдісін айтады. Сурет салғанда бояуды тамызып, бұлтқа ұқсатып салғаннан кейін қылқаламды жуып отыруды түсіндіреді.<br>Суретті салып болғаннан кейін тыныс алу жаттығуын жасайды.<br>Балалар қылқаламды оң қолымен ұстап, қағаздың кез келген жеріне қою етіп алынған гуашьты мол тамшылатады. Тамған тамшыны дереу жағып бояу барысында үстінен басып, дөңгелек немесе сопақша бұлттарға ұқсатып салады. Түстерді пайдаланған сайын қылқаламды сумен жуып, шүберекке сүртіп отырады.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Көгөністер»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Күз айлары молшылық,  береке сыйлайтынын, көкөністер мен жемістер пісіп,<br>жиын - терін болатынын түсіндіру. Тиянақтылыққа, ұқыптылыққа баулу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз мезгілінде неше ай бар?<br>- Ол қандай айлар?<br>Балалардан жылдың қай мезгілі екенін, күз мезгілінде табиғатта болатын өзгерістер мен ерекшеліктері болатынын сұрау. Күзде көкөністер мен жемістер пісіп, жиын - терін науқаны басталады. Күз мезгілі молшылықты, берекені білдіреді.Тәрбиеші ермексазбен көкөністің үлгісін жасап балаларға көрсетеді. Ермексазбен көкөністердің мүсінін жасау.<br><br>Сергіту сәті:<br><br>«Көкөністер мен жемістерді ажырат» дидактикалық ойыны. Балалар жұмыс орындарын дайындайды.<br><br><br><br><br>Балалар жұмыс жасайды.<br>Ойынға белсене қатысады.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br><br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.</td></tr>
</table>

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҮІӘ</td><td colspan="5">Жапсыру</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Шарбақ - қоршау»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Бақшамызға барғанда<br>Жолыққан бар жандарға.<br>Ертемен ақ пейілмен,<br>«Қайырлы таң» деймін мен<br>Балалар шеңберге тұрып бір – біріне жылы лебіздерін білдіреді<br>Балалардың серуенде жүргенде қоршау көргендерін естеріне түсіреді. Қоршау - ол біздің үйімізді қоршап тұрады.<br>- Қазір біздер сондай қоршауды қатты қағаздан жасаймыз.<br>- Алдымен қатырма қағаздан үлгіге қарап отырып бірдей қылып қоршау бөліктерін қиып аламыз да, желіммен жапсырамыз. Құрастырып көреміз. Міне, әдемі биік қоршау жасадық.<br>- Балалар үлгіні қарап, қоршауды жасап шығады. Көмек қажет ететін балаларға педагог көмектеседі.<br>- Сергіту сәті.<br>Балақан - ау, балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай - былай ойнат!<br><br>Сәйкесінше жаттығулар жасайды.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Педагог қортындылап,балаларды мадақтайды.<br>Балалар, біздер бүгін не істедік?<br>Сіздерге, бүгінгі оқу қызметі ұнады ма?</td></tr>
</table>

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Мүсіндеу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Тасбақа» | | | | |
| Мақсаты: | Бүтін бөліктен созу тәсілі арқылы тасбақаны мүсіндеу. Мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>- Балалар, тасбақаны білесіздерме?<br>- Ол қандай болады?<br>Педагог балаларға тасбақа туралы жұмбақ жасырады. Балалардың дұрыс жауабынан кейін тасбақаның суретін немесе ойыншық тасбақаны көрсету арқылы оның құрылысына, дене бітіміне назарларын аударады. Ермексаздың бүтін кесегінен созу тәсілі арқылы мүсіндеу жұмысының барысымен таныстыру. Педагог үлгіні көрсете отырып, балаларға тасбақаның жасалу жолын көрсетеді.<br>Ермексазбен тасбақа мүсінін жасау.<br>*Сергіту сәті.*<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едім барлығын,<br>Болып шықты он саусақ.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҮІӘ | Жапсыру | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Саңырауқұлақтар» | | | | |
| Мақсаты: | Балаларға геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, сопақша) қию әдістерін меңгертукеңістікте орналастыра білуге үйрету; баланың ой-қиялын дамыту; қол, саусақ қимылдарын жетілдіру; табиғат әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>Плакаттар арқылы саңырауқұлақ түрлерімен таныстыру, сондай - ақ саңырауқұлақтардың әдемі болғанымен, улылары да болатындығын айтып түсіндіру.<br>Педагог жұмыс барысын түсіндіреді.<br>Саңырауқұлақтардың 2 бөлігін - қалпақтары мен сабақтарын қиюды тапсырады.<br>Балаларға саңырауқұлақтардың екі бөлшегін үлгіге қарап, бір - біріне қосып, әдемілеп жапсыру керектігін айтады.<br>Педагог балалардың желімді дұрыс пайдалануын қадағалайды.<br>– Міне, балалар, бүгінгі іс - әрекетімізде көлемі әртүрлі саңырауқұлақтарды жапсырдық. Енді, қанша саңырауқұлақ жапсырғанымызды санап көрейік.<br>*Сергіту сәті:*<br>«Кім себетке тез көп саңырауқұлақ жинайды?» дидактикалық ойыны.<br>Педагог жұмыс барысында жекелеген балаларға көмектеседі.<br> | | | | |

**Желтоқсан айы**
**Кіші топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Жапалақтап қар жауады» | | | | |
| Мақсаты: | а) саусақтармен, алақанмен қардың бейнесін салуды үйрету;<br>ә) саусақтарының бұлшық еттерін дамыту;<br>б) балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Балалар, қараңыздаршы, бір ғажайыптың күшімен біз қысқы орманда саяхатта жүргендейміз.<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>Қыс мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелейді.<br>Педагог жапалақтап жауған қар үлкен болатынын және оның көп жауып жатқанын бейнелеуді сұрайды.<br>Жұмыстың орындалу ретін көрсетіп, түсіндіреді.<br>«Кім алысқа лақтырады?» ойыны.<br>Шарты: Мақтадан жасалған қарларды лақтырып, қағып алып ойнайды.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | ««Көк ту»» | | | | |
| Мақсаты: | а) «Тәуелсіздік күні мерекесіне байланысты «төрт бұрыш» және «дөңгелек» пішіндерін пайдалана отырып Туды бейнелеу;<br>ә) саусақтарының икемділіктерін дамыту;<br>б) патриоттық сезімге тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>Желтоқсан айында болатын мерекенің бірі «Тәуелсіздік күні» мерекесіне тоқталып кетеді<br>- Балалар, қанеки суреттерге назар аударайық:<br>Демонстрациялық материалдардағы Тудың суреттерімен таныстырып, қандай пішіндер мен түстерден құралғанын сұрайды. Ендеше балалар, біз Туымызды алдарыңыздағы қағазда әдемі етіп бейнелейміз.<br>Педагог балаларға көмектесіп, бағыт – бағдар береді.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Бұлт күнді жапты»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5"></td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>- Балалар, қараңыздаршы Аружан бізге ойыншық сылдырмақтар алып келіпті. Біз өткен оқу қызметтерімізде қағазға сылдырмақ салуды үйренген болатынбыз. Енді біз сылдырмақтың суретін құм бетіне салуды үйренеміз.<br>- Ендеше балалар, құм бетіне сылдырмақ суретін салайық. Әр бала өз орындарына жайғасып, сурет салады. Сала алмаған балаларға жеке көмек беріледі. Балалар суретін салып болған соң, денелерін шынықтыруға алаңға шығады.<br>Балалар құм планшетінің бетіне сурет салуға қызыға кіріседі.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Жасыл шырша» | | | | |
| Мақсаты: | а) Жаңа жыл мейрамына байланысты кешті еске түсіре отырып, берілген суретті жасыл бояумен бояймыз;<br>ә) саусақтарының икемділіктерін дамыту;<br>б) әсемдікті сезіне білуге, сурет салуға деген қызығушылық сезіміне тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>- Балалар, сіздер Жаңа жыл мерекесін білесіздерме?<br>- Шыршаны түсі қандай болады?<br>- Балалар, сіздерден Ақшақар шыршаны Жаңа жыл мерекесіне дайындауды сұрайды.<br>- Көмектесеміз бе, балалар?<br>Алдарыңыздағы қағазда әдемі Жаңа жыл шыршасы бейнеленген, сол шыршаны жасыл түске бояймыз.<br>Сергіту сәті:<br>Жасыл шырша жанында,<br>Би билейміз жарыса.<br>Жасыл шырша әдемі,<br>Ән айтамыз таласа.<br>Педагог балаларға көмектесіп, бағыт – бағдар береді.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Қуыршаққа арналған кәмпиттер»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Ермексазды шымшып алуға және домалақ, жұмыр мүсін жасауға жаттықтыру.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Шаттық шеңбері.<br>- Қайырлы таң, көздерім, сендер ояныңдар!<br>- Қайырлы таң, құлақтарым, сендер ояныңдар!<br>- Қайырлы таң, саусақтарым, сендер ояныңдар!<br>Қайырлы Күн, сен де ояндыңба?<br>Ғажайып сәт: Қуыршық Әсел қонаққа келіп тұр. Бүгін оның туған күні.<br>- Ал, біз қуыршаққа сыйлық ретінде өз қолымызбен кәмпит жасай аламызба?<br>Үлестірмелі материалға назар аударады. Педагог балаларға қуыршаққа кәмпит жасау техникасын көрсетеді. Ермексаздан әртүрлі пішінге салып, үш түрлі кәмпит жасайды.<br>Сергіту сәті:<br>Қуыршағым, келе ғой,<br>Менен кәмпит ала ғой.<br>Өкпелемей келе бер.<br>Өлең маған айта ғой.<br>Педагог жұмысты жалғастыруды ұсынады. Дайын болған кәмпиттерді кәмпит салатын ыдысқа салуды ұсынады.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Жапсыру</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Шыршаны шарлармен безендіреміз»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Пішіндер туралы ой қалыптастыру, Жаңа жыл мерекесі туралы білімдерін кеңейту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Күнім күлім қағады,<br>Шуағын маған шашады.<br>Қуан,қуан алтын Күн!<br>Қуан,қуан Жер-көгім!<br>Балалар, қараңдаршы сиқырлы қорапша тауып алдым.<br>- Сиқырлы қорапшада не бар екен? Оның ішінде қағаз бар екен, қағазда жазылғанды оқып көрейік:<br>Ағаштардың көріктісі,<br>Мәңгі жасыл бұтағы.<br>Мекен ғып тау, өлкені,<br>Кәусар ауа жұтады. (Шырша)<br>- Қобдишада тағы сиқырлы таяқ бар екен.<br>- Мен сиқырлы таяғымды сермегенде шыршада моншақтар пайда болады. Педогог сиқырлы таяғын әрі - бері сермейді, бірақ шыршада моншақтар пайда болмайды.<br>Педогог балалардан көмек сұрайды.<br>Жұмыстың орындалу ретін түсіндіреді: дайын әртүрлі моншақтарды кезектестіріп орналастырып, шыршаға мұқият және түзу жапсыруды көрсетеді.<br>Сергіту сәті:<br>Сағаттың тіліндей, иіліп оңға бір.<br>Сағаттың тіліндей, иіліп солға бір.<br>Жаттығу жасаймыз.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Желтоқсан айы**
**Ортаңғы топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Табақтағы оюлар» | | | | |
| Мақсаты: | Қарындашпен ұқыпты жұмыс жасау, бірқалыпты бояуға дағдыландыру. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Күз мезгілінде неше ай бар?<br>Балалардың назарын суретке аударады. Суретте не бейнеленгенін сұрайды. Әдемі табақша суретімен таныстырады. Қолдан жасалған табақшаларды көрсетеді.<br>- Ендеше, алдарымыздағы табақшаны біз де сәндейік.<br>Балалар орындарына жайғасып, суреттегі табақшаны әсемдейді.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>*Сергіту сәті:*<br>Әжем үшін күнде мен,<br>Отынға ағаш жарамын.<br>Су құямын гүлге де,<br>Дүкенге де барамын.<br>Сыпырамын үй ішін,<br>Жуамын аяқ – табақты.<br>Жылай қалса бөпемді,<br>Ойнатамын жұбатып.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Көк ту»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">«Тәуелсіздік күні мерекесіне байланысты «төрт бұрыш» және «дөңгелек» пішіндерін пайдалана отырып Туды бейнелеу; саусақтарының икемділіктерін дамыту; патриоттық сезімге тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>Желтоқсан айында болатын мерекенің бірі «Тәуелсіздік күні» мерекесіне тоқталып кетеді<br>- Балалар, қанеки суреттерге назар аударайық:<br>Демонстрациялық материалдардағы Тудың суреттерімен таныстырып, қандай пішіндер мен түстерден құралғанын сұрайды.<br>- Ендеше балалар, біз Туымызды алдарыңыздағы қағазда әдемі етіп бейнелейміз.<br>Педагог балаларға көмектесіп, бағыт – бағдар береді. Жұмысқа кіріседі.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Педагог балаларды мадақтап, оқу іс - әрекетін қорытындылайды. Балалар өздерінің жұмыстарын қарап, салыстырып, еңбектеріне баға береді.<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Отшашу».</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Отшашуларды түтікшемен (дәстүрден тыс әдіс) салу; тыныс алу қауіпсіздігін сақтау; ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білу; отшашу суретін салу және шығармашылық қабілетін дамыту, үлкендерді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Педагог балаларды жартылай шеңберге тұрғызып, балалармен сәлемдеседі. Педагог балалардың назарын түнгі аспан бейнеленген суретке аударады.<br>- Нені көріп тұрсыңдар? (ай мен жұлдыз)<br>- Ал, енді ненің суретін көріп тұрсыңдар? (күн)<br>Педагог түнгі бейне мен күндізгі бейненің айырмашылығын айтып өтеді. Табиғатта барлық құбылыстар бір – бірімен тығыз байланыта болатыны туралы айтады.<br>Бүгін мен сіздерге түнгі аспанда мерекелерде атылатын от шашуларының бейнесін салу өнерімен таныстырамын. Түнгі аспанда от шашулар жарық, әрі түрлі түсті болшып көрінеді.<br>Сурет салу жолдары:<br>Түтікшелерді түрлі түсті бояуға батырып алып, қара түсті қағаз бетіне үрлейміз.<br>Осы әрекетті түтікшені бояуға батырмай тұрып, бірнеше рет ауа тарту және үрлеуді үйретеді.<br>Толық жауап береді.<br>Отшашу қандай болатынын айтады.<br>(Үлкен, әдемі, жарық. Қызыл, сары, жасыл, түрлі түсті.) Аспанға отшашуды шашқанда түнгі аспан қандай түрге енетінін естеріне түсіреді. (Әдемі, жарық түске боялады).<br>Сергіту сәті:<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | |
|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Шырша шамдарын жағамыз» | | | | |
| Мақсаты: | а) Жаңа жыл мейрамына байланысты кешті еске түсіре отырып, берілген суретті жалғастырып, саусақтармен, таяқшаға оралған мақтамен сурет салуға үйрету;<br>ә) саусақтарының икемділіктерін дамыту;<br>б) әсемдікті сезіне білуге, сурет салуға деген қызығушылық сезіміне тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | «Көрме» ойыны.<br>Кесе, тәрелке, торсықты көрсету, оларды бір - бірімен салыстыру, бұлардың барлығын бір сөзбен не деп атайтынын сұрау (ыдыстар), олардың ою - өрнектеріне мән беру. Педагог балалардан қазақ халқының тұрмыста тұтынатын бұйымдары жайлы сұрап, ол ыдыстармен таныстырады. Бұл ыдыстар күнделікті тұрмыста қолданылатыны туралы, ыдыстарға салынатын «омыртқа», «тышқан ізі», «толқын», «құс - қанаты» оюлары туралы түсіндіреді («құс қанаты» оюы құстың екі қанатына ұқсайды т.б.).<br>*Сергіту сәті:*<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Бойымызды жазайық.<br>Бір отырып, бір тұрып,<br>Біз демалып алайық.<br>- Осы суреттегі ыдыстардың ішінде тәрелкенің суретін салып, оның ішін өрнектермен әшекейлейік. Тәрелкеде бейнеленген ою «қошқар мүйіз» деп аталады.<br>Міне, біздің тәрелкеміз әшекейлі, әдемі болып шыға келді.<br>Педагог мақтау, мадақтау жұмысын жүргізіп, балалардың жұмыстарын көрмеге іледі.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді, мадақтайды.<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | ««Сүйікті ойыншығым»». | | | | |
| Мақсаты: | Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін қалыптастыру; балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ойыншықтарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>М.Әлімбаевтың «Ойыншықтар» өлеңін оқып беру.<br>Біздерде бар қуыршақ,<br>Бұзау, қозы, құлыншақ.<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Ақыл айтсаң, бұйырсаң.<br>Балаларға ойыншықтар туралы әңгіме жүргізу, ойыншықтар туралы не білетіндерін балалардың естеріне түсіру, неден жасалғаны т.б. туралы толық жауап алу, балаларға сөз беріп, мұқият тыңдау.<br>Олай болса, бүгін біз өзіміздің қалауымызша ең жақсы көретін, сүйікті ойыншығымыздың суретін саламыз.<br>*Сергіту сәті:*<br>«Ойыншықты тап!» дидактикалық ойынын ойнату.<br>Ойын мақсаты: Көзді байлап қойып, ойыншықты атау<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Мысығым». | | | | |
| Мақсаты: | Мысықтың суретін геометриялық фигуралар арқылы салу, дене бөліктерін ретімен сызу жолдарын үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру, ой - қиялын дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Педагог баяу әуен қойып, балаларға көздерін жұмғызып, Ертегілер әлеміне саяхатқа шығуды ұсынады. «Мақта қыз бен мысық» ертегісін<br>сұрақ - жауап арқылы айтқызады.<br>Педагог жетектеуші сұрақтар көмегімен «Менің мысығым» атты тақырыпқа әңгіме құрастыртқызады. Балалардың толық жауап беруін, анық, байланыстыра сөйлеулерін қадағалайды.<br>- Бүгін біз мысықтың суретін саламыз. Суретті салу барысында негізгі элемент үшбұрыш пен дөңгелек болады.<br>Мысықтың суретіне қарап, оның дене бөліктеріне: басы, құлағы, көзі, денесі, мұрты, құйрығы, аяғы т.б. талдау жасайды.<br>*Сергіту сәті:*<br>Пеш түбінде мысық отыр,<br>Аздап көзін қысып отыр.<br>Тышқан етін жегісі кеп,<br>Тісі оның қышып отыр.<br>Сурет салу әдісі:<br>- Ал, ендеше, балала, кім сурет салып болды, өзінің мысығына қандай ат қоятынын ойлансын және оған қандай қамқорлық жасайтынын айтып берсін.<br><br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Жапалақтап қар жауады» | | | | |
| Мақсаты: | а) саусақтармен, алақанмен қардың бейнесін салуды үйрету;<br>ә) саусақтарының бұлшық еттерін дамыту;<br>б) балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Балалар, қараңыздаршы, бір ғажайыптың күшімен біз қысқы орманда саяхатта жүргендейміз.<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>Қыс мезгілінің ерекшеліктерін әңгімелейді.<br>Педагог жапалақтап жауған қар үлкен болатынын және оның көп жауып жатқанын бейнелеуді сұрайды.<br>Жұмыстың орындалу ретін көрсетіп, түсіндіреді.<br>«Кім алысқа лақтырады?» ойыны.<br>Шарты: Мақтадан жасалған қарларды лақтырып, қағып алып ойнайды.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, жұмыс аяқталған соң мадақтайды. Оқу қызметін қорытындылайды.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>Педагог балаларды мақтайды және мадақтайды. Өздері салған суреттер жайлы өз ойларын айтқызады. | | | | |

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҮІӘ | Мүсіндеу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Аққала» | | | | |
| Мақсаты: | Ермексазды шымшып алуға және домалақ, жұмыр мүсін жасауға жаттықтыру.  Домалақтау, сопақшалау жолдарымен мүсіндеу тәсілдерін үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қыс мезгілінде неше ай бар?<br>- Қандай ойындарды білесіздер?<br>- Балалар, аққала неше бөліктен тұрады?<br>- Аққала жасап көрдіңіздерме?<br>- Бүгін біз аққаланы ермексаздан жасаймыз.<br>Педагог үлестірмелі материалды көрсетіп, жұмыс барысын түсіндіреді.<br><br>*Сергіту сәті:*<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едім барлығын<br>Болып шықты он саусақ.<br><br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Жапсыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Пойыз» | | | | |
| Мақсаты: | Балаларға геометриялық пішіндерді (шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек) қию әдістерін меңгерту кеңістікте орналастыра білуге үйрету; баланың ой - қиялын дамыту; қол, саусақ қимылдарын жетілдіру; Балалардың пойыз туралы білімдерін жетілдіру. Теміржолда жүретін көлік екенін түсіндіру, ұсақ бөлшектерді қосу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>Пойыз әнін орындауды ұсынады.<br>Пойыз, пойыз судай жаңа,<br>Жылтырайды шынымен.<br>Не бар екен пойызда?<br>Аю менен маймылдар,<br>Мысықтар мен қояндар,<br>Міне, осындай пойызды балаларға сыйлаймыз. Балалар, біздің ойыншықтар саяхатқа шыққысы келеді. Бірақ оларда пойыз жоқ.<br>- Пойыз қандай геометриялық пішіндерден тұрады?<br>- Пойыз - көлік, ол теміржолмен жүреді.<br>-Пойызда паровоз бен вагондар бар (суретін көрсетеді).<br>Педагог жұмыстың жасалу ретін түсіндіреді. Жұмысқа кірісуді ұсынады.<br>*Сергіту сәті:*<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Ақпан айы**

**Ересек топ**

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Қонжық» | | | | |
| Мақсаты: | Балалардың ойыншықтар туралы түсініктерін қалыптастыру; балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ойыншықтарды күтіп ұстауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>М.Әлімбаевтың «Ойыншықтар» өлеңін оқып беру.<br>Біздерде бар қуыршақ,<br>Бұзау, қозы, құлыншақ.<br>Ойыншықтар тыңдайды,<br>Ақыл айтсаң, бұйырсаң.<br>Балаларға ойыншықтар туралы әңгіме жүргізу, ойыншықтар туралы не білетіндерін балалардың естеріне түсіру.<br>Педагог:<br>- Дөңгелектер сиқырлы, оларды бір – біріне қиылыстырсақ керемет бейнелер пайда болады. Балаларға әр түрлі пішіндегі дөңгелектер сала отырып, тұтас бейне қаалыптастыруға болытын айтады.<br>*Сергіту сәті:*<br>«Ойыншықты тап!» дидактикалық ойынын ойнату.<br>Ойын мақсаты: Көзді байлап қойып, ойыншықты атау<br>Ойыншықтар туралы әңгімеледі.<br>Тығылған ойыншықты тауып, атын, түсін атап айтты.<br>Балалардың өз бетінше жұмыстары.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Ақша қар»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">қардың жауып тұрған бейнесін бере білу; қардың ерекшеліктері жайында түсініктерін қалыптастыру, суретке көркемдік элементтерді кіргізе білуді үйрету; әсемдікке тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Балалармен бірлесіп қарды зерттеп, түсін, пішінін анықтау (жұлдызшаға ұқсайды, жылтыр жылтырайды, ақ, ақ сұр, ақша қар, аппақ).<br>Жұмбақ жасыру:<br>Жерге қонар көлбеңдеп.<br>Ақ жұлдызша себелеп,<br>Ұстатпайды, не керек?<br>Педагог балалардың көңілін жауып тұрған қарға аударады.<br>- Қазір барлығымыз суретшіге айналып, осындай әдемі қардың суретін қылқаламның тек ұшымен жеңіл сызықтар түсіру арқылы саламыз. Қарды салғанда оңнан солға қарай сызық, солдан оңға қарай сызық, түзу сызық салу қажет, дәл ортасынан түзу сызық түсіреміз, сызықтар бірдей болу керек. Ол үшін қысқа сызықтарды санай отырып сызамыз.<br>Сергіту сәті:<br>Әппақ, әппақ, жапалақтап,<br>Қар жауып тұр далада.<br>Әппақ дала, барлық бала,<br>Қуанып жүр далада.<br>Қылқаламды әртүрлі күш сала - қатты, ақырын басып, жуан жіңішке із түсіреді.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Кірпі».</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Қылқаламмен сурет салу дағдыларын үйрету. Балаларда табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Педагог балалардан кірпіні көргендері бар ма екендігі жайлы сұрайды. Балалар мен сіздерге бір жұмбақ жасырамын, тауып көріңіздерші?<br>Үсті толы ине,<br>Бірақта, іс тігіп,<br>Қадамайды түйме.<br>Бұл не, балалар? (Кірпі)<br>Балалар жұмбақтың шешуін таппай қиналса, педагог жауабын өзі айтып, көмектеседі.<br>Педагог балаларға бақбақ гүлінің суретін көрсетеді.<br>Сурет салудың тәсілін түсіндіреді:<br>Қылқаламды қоңыр бояуға батырып алып, кірпінің суретін салу үшін төменнен жоғары қарай сызықтар сызу арқылы салатынын түсіндіреді. Ауада салуды көрсетеді.<br>Сергіту сәті.<br>Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог балалардың өз бетінше жұмыс жасағандарына мұқият қарап бақылайды. Соңында қылқаламды жуып, сүрткішке сүртіп кептіруді және тиянақты болуды ескертеді. Балалармен жеке жұмыс жасайды.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Мысығым» | | | | |
| Мақсаты: | Мысықтың суретін геометриялық фигуралар арқылы салу, дене бөліктерін ретімен сызу жолдарын үйрету, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру, ой - қиялын дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Педагог баяу әуен қойып, балаларға көздерін жұмғызып, Ертегілер әлеміне саяхатқа шығуды ұсынады. «Мақта қыз бен мысық» ертегісін сұрақ - жауап арқылы айтқызады.<br>Педагог жетектеуші сұрақтар көмегімен «Менің мысығым» атты тақырыпқа әңгіме құрастырткызады. Балалардың толық жауап беруін, анық, байланыстыра сөйлеулерін қадағалайды.<br>- Бүгін біз мысықтың суретін саламыз. Суретті салу барысында негізгі элемент үшбұрыш пен дөңгелек болады.<br>Мысықтың суретіне қарап, оның дене бөліктеріне: басы, құлағы, көзі, денесі, мұрты, құйрығы, аяғы т.б. талдау жасайды.<br>*Сергіту сәті:*<br>Пеш түбінде мысық отыр,<br>Аздап көзін қысып отыр.<br>Тышқан етін жегісі кеп,<br>Тісі оның қышып отыр.<br>Сурет салу әдісі:<br>- Ал, ендеше, балала, кім сурет салып болды, өзінің мысығына қандай ат қоятынын ойлансын және оған қандай қамқорлық жасайтынын айтып берсін.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Саңырауқұлақ»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Ермексаздан әртүрлі пішіндер жасауға болатыны туралы мағлұмат беру.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалар жартылай шеңбер   жасап орындықтарына отырады.<br>Педагог демонстрациялық материалға назар аударып:<br>- Сәуле орманнан саңырауқұлақ теріп келді, бірақ олар өте аз болып тұр. Сәулеге көп саңырауқұлақ керек екен. Қанеки, балалар, Сәулеге көмектесейік. Саңырауқұлақ мүсіндеп берейік.<br>Педагог балаларға жұмыс үлгісін көрсетіп, түсіндіреді.<br>Балалар педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша жұмыс жасайды.<br>Саңырауқұлақ екі бөліктен тұрады – қалпағы және негізі. Екі бөлігін жасап, бір – біріне біріктіреміз.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҮІӘ</td><td colspan="5">Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Көңілді күшік»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Балаларды әр түрлі көлемдегі цилиндрді біріктіру арқылы мүсіндеу жұмысын жасауды үйрету, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру. Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалар жартылай шеңбер   жасап орындықтарына отырады.<br>Педагог демонстрациялық материалға назар аударып:<br>Күшігім менің, күшігім,<br>Үй күзетер пысығым.<br>Үргені де шамалы,<br>Тамақ берсең болғаны – деп балаларға сұрақтар қояды<br>Педагог балаларға күшіктің суретін көрсетіп, балалармен бірге күшіктің дене құрылысын анықтайды. Денесін, басын, аяқтарын әр түрлі көлемдегі цилиндрден мүсіндеуге болатынын түсіндіру.<br><br>Педагог ермексаздан күшіктің жасалу жолдарын рет - ретімен түсіндіріп көрсете отырып, мүсіндеу жұмысын орындайды.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Жапсыру</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Қуыршаққа арналған көйлек»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">қағазды бүктеу әдісі арқылы көйлек пішінін қиюға үйрету; қию әдістерін үйретуді жалғастыру, қол-қимыл әрекеттерінің қозғалғыштығын дамыту; талғампаздыққа, өнерлі болуға ұмтылуға тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балаларға компьютерден әртүрлі ойыншықтар мен қуыршақтардың түрлерін көрсетіп, шағын әңгіме жүргізу.<br>Педагог:<br>–Балалар, бізге ойыншықтар не үшін қажет?<br>– Дұрыс айтасыздар. Ойнау үшін, әдемілікті сезіну үшін, бір - бірімізге сыйлау үшін қажет. Сондай әдемі ойыншықтарымыздың бірі – қуыршақ.<br>– Балалар, бәріміздің үйімізде қуыршағымыз бар. Бүгін сол қуыршақтарымызды театрға алып баруымыз керек. Ол үшін қуыршақтарды қалай киіндіреміз?<br>– Ендеше, қуыршақтарымызға киінуге көмектесейік.<br>– Ол үшін бізге не қажет?<br>Балаларға киімнің дайын сызбасы ұсынылады. Педагог балаларға қағазды екіге бүктеу арқылы симметриялы пішінді қию әдісін көрсетеді. Педагог балалардың әрқайсысының қасына барып, аралап көріп, жекелеген балаларға көмектеседі.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Жапсыру</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Домбыра».</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">ұлттық ою - өрнек элементтерін қию әдісіне және үйлесімді сәндеуге үйрету, бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру; шығармашылық қасиеттерін дамыту; қол қимылдарын жаттықтыру; өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Оқу қызметін үнтаспадан түрлі музыка аспаптарының дыбыстарын тыңдатудан бастаймыз.<br>Педагог:<br>–Бұл қай аспаптың дыбысы?<br>Музыка жетекшісі бірнеше шығармалардан үзінді орындайды.<br>– Музыкалық аспаптардың ішінде қазақ халқының негізгі ұлттық аспабы қай аспап?<br>Педагог домбыраны көрсетіп, домбыра ата - бабамыздан келе жатқан мұра екендігін, негізінен күй шертуге арналғанын, ағаштан жасалатынын, оны күтіп, қастерлеп ұстау керектігін айтады.<br>Балалардың назарын домбыраның суретіне аудару.<br>– Әдемі ме? Қалай, немен безендіріліп сәнделген?<br>– Ою қалай аталады?<br>– Балалар, домбыра туралы көп нәрсе білдік. Енді осы домбыраны жапсырып көрейік. Педагог жұмыс барысын түсіндіреді.<br>Сергіту сәті:<br>Музыка сүйемелдеуімен «Қаражорға» биін билеу.<br>– Енді, балалар, жұмысымызды жалғастыпамыз.<br>– Міне, домбырамыз да дайын болды.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Наурыз айы**
**Кіші топ**

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Шай кесені сәндеу» | | | | |
| Мақсаты: | Қарындашпен ұқыпты жұмыс жасау, бірқалыпты бояуға дағдыландыру. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>Балалардың назарын суретке аударады. Суретте не бейнеленгенін сұрайды. Әдемі кесе суретімен таныстырады. Қолдан жасалған кеселерді көрсетеді.<br>- Ендеше, алдарымыздағы кесені біз де сәндейік.<br>Балалар орындарына жайғасып, суреттегі кесені әсемдейді.<br><br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Ою - өрнек» | | | | |
| Мақсаты: | Қарындашпен ұқыпты жұмыс жасау, бірқалыпты, сызықтан шығармай бояуға дағдыландыру. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Балалар, наурыз мерекесін білесіздерме?<br>Педагог балаларға «Наурыз мерекесі» туралы әңгімелеп береді. Ою – өрнек деген не екенін, турлері мен атауларын айтып өтеді.<br>Балалар орындарына жайғасып, алдарындағы «Қошқар мүйіз» оюын бояуға кіріседі.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>Сергіту сәті.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Шиелер». | | | | |
| Мақсаты: | Қылқаламмен сурет салуға үйрету. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Қараңыздаршы, балалар, мынау суретте қызыл түсті шиелер салынған қараңыздар. Біздер де алдымыздағы бос табақшамызды шиеге толтырамыз. Ендеше орнымызға жайғасайық.<br>Балалар қолдарына қыл қалам алып қызыл түсті бояумен ақ параққа салынған табақшаға шиелерді бейнелейді.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>Сергіту сәті. | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | |
|---|---|
| | **ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** |

| | |
|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| Тақырыбы: | « Кемпірқосақ» | | | | |
| Мақсаты: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар, сіздер кемпірқосақты білесіздерме?<br>- Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады?<br>Кемпірқосақта қандай түстер болады? | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | Балалар қолдарына қыл қалам алып әр түсті бояулармен ақ параққа кемпірқосақты бейнелейді.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>Балалар қызығушылықпен жұмыстарына кіріседі.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Қуыршаққа арналған білезік»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Әшекей бұйымдарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Топқа қуыршақ Көркем кіріп келіп, оның анасының жақында «Туған күні» екенін, анасы әшекей кигенді ұнататынын айтады. Анасына білезік сыйлағысы келетінін, балалардан оған көмектесулерін сұрайды.<br>Педагог балаларға жұмыс үлгісін көрсетіп, түсіндіреді. Біз білетіндей ермексаз түйіртпегін үзіп алып, созып еседі. Содан кейін олардың ұштарын біріктіреміз. Педагог біріктіру әдісін көрсетеді.<br><br>Балалар педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша жұмыс жасайды.<br><br>Сергіту сәті:<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Артқа қарай бір қадам,<br>Алға қарай бір қадам.<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Жапсыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Қонжыққа арналған пирамида» | | | | |
| Мақсаты: | Пішіндер туралы ой қалыптастыру, пирамида бөліктерінің орналасу тәртібін үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балаларға жапсыру тәсілі мен желіммен жұмыс істеген кезде тиянақты болуға үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар,біздің ойын бұрышымызда қонжық бар. Бүгін маған қонжық сүйікті ойыншығы - пирамиданың сынып қалғаны туралы айтты.<br>- Қалай ойлайсыңдар,біз қонжыққа көмектесе аламыз ба?<br>***Тапсырма: «Пирамиданы құрастыруға көмектес».***<br>Педагог жұмыстың орындалу ретін түсіндіреді. Әр түстен жасалған пирамида бөліктерін ретімен орналастырып желімдеу керек екенін айтады.<br>*Сергіту сәті:*<br>Оңға,солға бұрылдық,<br>Алға,артқа иілдік.<br>Тіземізді бүктіріп,<br>Қолды создық тік тұрып,<br>Секіреміз топ-топ,<br>Шапалақтап көп-көп.<br>Иілеміз оңға қарай,бір,екі,үш.<br>Иілеміз солға қарай,бір,екі,үш.<br>Енді жұмысқа кірісуге болады.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Наурыз айы Ортаңғы топ**

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Шай кесені сәндеу»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Қарындашпен ұқыпты жұмыс жасау, бірқалыпты бояуға дағдыландыру. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Көктем мезгілінде неше ай бар?<br>Балалардың назарын суретке аударады. Суретте не бейнеленгенін сұрайды. Әдемі кесе суретімен таныстырады. Қолдан жасалған кеселерді көрсетеді.<br>- Ендеше, алдарымыздағы кесені біз де сәндейік.<br>Балалар орындарына жайғасып, суреттегі кесені әсемдейді.<br><br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

## Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Ою - өрнек» | | | | |
| Мақсаты: | Қарындашпен ұқыпты жұмыс жасау, бірқалыпты, сызықтан шығармай бояуға дағдыландыру. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Балалар, наурыз мерекесін білесіздерме?<br>Педагог балаларға «Наурыз мерекесі» туралы әңгімелеп береді. Ою – өрнек деген не екенін, турлері мен атауларын айтып өтеді.<br>Балалар орындарына жайғасып, алдарындағы «Қошқар мүйіз» оюын бояуға кіріседі.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>Сергіту сәті.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Шиелер». | | | | |
| Мақсаты: | Қылқаламмен сурет салуға үйрету. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Қараңыздаршы, балалар, мынау суретте қызыл түсті шиелер салынған қараңыздар. Біздер де алдымыздағы бос табақшамызды шиеге толтырамыз. Ендеше орнымызға жайғасайық.<br>Балалар қолдарына қыл қалам алып қызыл түсті бояумен ақ параққа салынған табақшаға шиелерді бейнелейді.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>Сергіту сәті.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Кемпірқосақ»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>- Балалар, сіздер кемпірқосақты білесіздерме?<br>- Кемпірқосақ қай уақытта пайда болады?<br>Кемпірқосақта қандай түстер болады?</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалар қолдарына қыл қалам алып әр түсті бояулармен ақ параққа кемпірқосақты бейнелейді.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>Балалар қызығушылықпен жұмыстарына кіріседі.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Мүсіндеу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Қуыршаққа арналған білезік» | | | | |
| Мақсаты: | Әшекей бұйымдарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Топқа қуыршақ Көркем кіріп келіп, оның анасының жақында «Туған күні» екенін, анасы әшекей кигенді ұнататынын айтады. Анасына білезік сыйлағысы келетінін, балалардан оған көмектесулерін сұрайды.<br>Педагог балаларға жұмыс үлгісін көрсетіп, түсіндіреді. Біз білетіндей ермексаз түйіртпегін үзіп алып, созып еседі. Содан кейін олардың ұштарын біріктіреміз. Педагог біріктіру әдісін көрсетеді.<br><br>Балалар педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша жұмыс жасайды.<br><br>*Сергіту сәті:*<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Артқа қарай бір қадам,<br>Алға қарай бір қадам.<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Жапсыру  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҮІӘ</td><td colspan="5">Жапсыру</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Қонжыққа арналған пирамида»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Пішіндер туралы ой қалыптастыру, пирамида бөліктерінің орналасу тәртібін үйрету, ойлау қабілеттерін дамыту. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Балаларға жапсыру тәсілі мен желіммен жұмыс істеген кезде тиянақты болуға үйрету.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>- Балалар,біздің ойын бұрышымызда қонжық бар. Бүгін маған қонжық сүйікті ойыншығы - пирамиданың сынып қалғаны туралы айтты.<br>- Қалай ойлайсыңдар,біз қонжыққа көмектесе аламыз ба?<br>Тапсырма: «Пирамиданы құрастыруға көмектес».<br>Педагог жұмыстың орындалу ретін түсіндіреді. Әр түстен жасалған пирамида бөліктерін ретімен орналастырып желімдеу керек екенін айтады.<br><br>Сергіту сәті:<br>Оңға,солға бұрылдық,<br>Алға,артқа иілдік.<br>Тіземізді бүктіріп,<br>Қолды создық тік тұрып,<br>Секіреміз топ-топ,<br>Шапалақтап көп-көп.<br>Иілеміз оңға қарай,бір,екі,үш.<br>Иілеміз солға қарай,бір,екі,үш.<br>Енді жұмысқа кірісуге болады.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Наурыз айы**

**Ересек топ**

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Үйдің суретін саламыз» | | | | |
| Мақсаты: | Түзу сызықтарды дұрыс сызу және бояй білу дағдыларын қалыптастыру. Бояу түсін таңдай білу. Геометриялық фигуралардың әр түрін  пайдалана отырып тұтас бейне шығару. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Балалар, бүгін бізге қонаққа екі қуыршақ келіпті. Күн суытып келеді, ал қуыршақтардың тұратын жері жоқ екен. Бұл қуыршақтар сендерге қайда тұрғысы келетінін айтады.<br>***Біздің үй*** (Ғ.Өкеев)<br>*Қалаушы да табылды,*<br>*Үй салынды, жабылды.*<br>*Қосып құмға лайды,*<br>*Сылақшылар сылайды.*<br>*Терезе, есік, едені,*<br>*Қиюласты әдемі.*<br>*Құрылысшы боламыз,*<br>*Зәулім үйлер саламыз.*<br>Балалар, үйді кімдер тұрғызады? (Педагог балалармен әңгіме жүргізеді). Олардың терезелері, есіктері, шатырларының көлемдеріне көңіл аудартады, пішіндерін айтады. Үй негізі шаршыға ұқсайды, есіктері тік төртбұрышқа ал шатыры үшбұрышқа ұқсайды.<br><br>*Сергіту сәті:*<br>Мен құрылысшы боламын,<br>Зәулім үйлер саламын.<br>Өз қаламды көркейтіп,<br>Ел алғысын аламын.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Телефон» | | | | |
| Мақсаты: | Үлгі бойынша сурет салуды үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар, сіздер телефонның не екенін, қандай екенін білесіңдер ме?<br>- Телефон не үшін керек?<br>- Мынандай телефонды көргендеріңіз барма (бұрынғы телефонын көрсетеді) ?<br>Педагог бұрынғы мен қазіргі телефон айырмашылығы мен артықшылығын айтып, бұрынғы үй телефонымен таныстырады.<br>Бүгін біздер осы телефонды саламыз.<br><br>*Сергіту сәті:*<br>Дидактикалық ойын: «Сымсыз телефон»<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Құм бетіне бағдаршам салу».</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Құм бетіне  бағдаршам салу. Құм бетіне төртбұрыш, дөңгелектер мен ұзын таяқша салуды үйрету.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>- Балалар, қараңыздаршы мынау не ?<br>- Бағдаршам не үшін керек?<br>- Бағдаршамда неше түс болады?<br>- Бағдаршам ережелерін білесізбе?<br>- Енді біз бағдаршамның суретін құм бетіне салуды үйренеміз.<br>Ендеше балалар, құм бетіне бағдаршам суретін салайық. Әр бала өз орындарына жайғасып, сурет салады. Сала алмаған балаларға жеке көмек беріледі. Балалар суретін салып болған соң, денелерін шынықтыруға алаңға шығады.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

## Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Ою - өрнек» | | | | |
| Мақсаты: | Қарындашпен ұқыпты жұмыс жасау, бірқалыпты, сызықтан шығармай бояуға дағдыландыру. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Балалар, наурыз мерекесін білесіздерме?<br>Педагог балаларға «Наурыз мерекесі» туралы әңгімелеп береді. Ою – өрнек деген не екенін, турлері мен атауларын айтып өтеді.<br>Балалар орындарына жайғасып, алдарындағы «Қошқар мүйіз» оюын бояуға кіріседі.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br><br>*Сергіту сәті.*<br>Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

| ҰІӘ | Мүсіндеу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Әтешке арналған қоршау» | | | | |
| Мақсаты: | Ермексазды домалақтап алып, алақанның ортасына салып, сопақшалап есу арқылы қоршауға баған жасауға болатыны туралы мағлұмат беру. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>Педагог үлестірмелі материалдағы суретке балалардың көңілін аударады.<br>Таңертеңмен оянып,<br>Балаларды оятып.<br>Қоршауға қонып отырар,<br>«Тұрыңдар» деп шақырар.<br>Балалар суретте әтеш ненің үстінде отыр?<br>Педагог дайын көрнекілікті балаларға көрсетеді.<br>- Мына қоршауға не жетіспейді деп ойлайсыңдар?<br>- Әтешке мына қоршауға қонақтау ыңғайлы деп ойлайсыңдарма?<br>- Сендерге мен осы қоршауға қажетті бағандар жасауды үйретейін.<br>Балалардың келісімімен педагог ермексазды алып, түсіндіре бастайды. Балалар педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша жұмыс жасайды.<br>*Сергіту сәті:*<br>Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҮІӘ</td><td colspan="5">Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Балапан»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Ермексазды домалақтап алып, алақанның ортасына салып, сопақшалап есу арқылы қоршауға баған жасауға болатыны туралы мағлұмат беру.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Амансыңба, Алтын Күн!<br>Амансыңба Көк Аспан!<br>Амансыңба Достарым<br>Сендерді көрсем қуанам.<br>- Балалар, сіздер балапанды білесіздерме?<br>Балапанның түсі қандай болады?<br><br>Педагог балаларға тауық және оның балапандары жайлы түсінік береді. Тауықтың маңыздылығы мен оның пайдасын ұғындырады. Тауықтың тіршілігі, корегі жайында мағлұмат береді. Педагог тақтаға тауықтың суретін іліп, оның дене пішініне, түсіне назар аударады. Олардың айырмашылықтары неде екеніне көздерін жеткізеді.<br><br>Педагог ермексаздан балапанның жасалу жолдарын рет - ретімен түсіндіреді.<br><br>Сергіту сәті:<br><br><br>Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Жапсыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Құстың ұясы» | | | | |
| Мақсаты: | Құстың ұясын және оның жеке бөліктерін қиып, жапсыру әдістерін үйрету, балалардың құстар және олардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; қию, жапсыру тәсілдерін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін арттыру; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Педагог бүктемелерден құстардың суретін көрсете отырып сұрақтар қояды:<br>– Көктемде құстар қай жақтан ұшып келеді?<br>– Ұшып келген құстарға қандай қамқорлық көрсетеміз?<br>– Қандай құстарды білеміз?<br>– Дұрыс, бүгін сендермен бірге осы құстарға ұя жасап жапсырамыз.<br>Педагог ұяның жасалу ретін түсіндіреді. Ұяның бөліктерін қоңыр түстен қиямыз.<br>Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көмектеседі.<br>Педагогтің айтуы бойынша балалар қимыл - қозғалыстар жасайды.<br>– Құстар дем алуда.<br>– Құстар ұшады.<br>– Құстар жем шоқиды,<br>– Құстар ұясына қонады.<br>Қиып дайын болған ұяны мынадай ретпен жапсырамыз:<br>– ұяны жапсыру;<br>– шатырын жапсыру;<br>– есігін жапсыру;<br>*Сергіту сәті:*<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Жапсыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Бөлме өсімдіктері». | | | | |
| Мақсаты: | екіге бүктелген қағазды симметриялы сызықпен кесуге, бүктеу арқылы қиюға үйрету, қайшыны дұрыс ұстау, пішінді ұқыпты қиюын жетілдіру, қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әртүрлі ұсақ қимылдар жасауға үйрету, балалардың бөлмеде өсірілетін гүлдер жайлы түсініктерін кеңейту, бөлме гүлдерін күтіп - баптауға тәрбиелеу | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Педагог топтың ішіндегі терезенің алдында тұрған гүлдерге назар аудартады.<br>Педагог гүлдің қасиеттері мен күтімі жайлы әңгімелейді.<br>– Неліктен бөлме гүлдерін бөлмеде өсіреміз, оның қандай пайдасы бар?<br>– Гүлді қалай күтіп - баптау керек?<br>Балалар, бөлме гүлдерінің де басқа өсімдіктер сияқты тамыры, сабағы, күлтелері болады. Гүлдер үлкен қамқорлықты қажет етеді. Бүгін біз сендермен бірге бөлме гүлін жапсырамыз.<br>Педагог балаларға жапсырудың жолдары мен техникасын көрсетеді.<br>Алдымен құмыраның суретін қиып алу үшін оны ортасында көрсетілген сызық бойынша екіге бүктеп қию керек.<br>Жасыл түсті гүлді де дәл осылай қиямыз.<br>*Сергіту сәті:*<br>«Шебер және батыл» саусақ жаттығуы.<br>– Балалар, саусақтарыңды бүгіп, алақандарыңды бір - біріне үйкелеп, ашып -жұмыңдар, жаттығуды қайталаңдар.<br>Дайындаған бөліктерді жапсырамыз.<br>Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сәуір айы**
**Кіші топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Орамалды безендіру»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>- Балалар, бүгін Айсұлу деген кішкентай досымыздың әжесінің туған күні екен. Айсұлу әжесінің туған күніне орамал сыйлағысы келеді екен, бірақ қоландағы орамалы ұнамай отыр екен. Айсұлу орамалын әсемдегісі келеді екен. Біздерден көмек сұрап отыр.<br>- Балалар Айсұлудың орамалын әсемдеуге көмектесеміз бе?<br>Педагог демонстрациялық материалдарды көрсетіп:<br>- орамалдың пішінін, орамалдағы өрнектердің пішінін және түстерін сұрайды.<br>Алдыңғы сабақтарда өткен пішіндерді еске түсіріп, орамалды безендіруді сұрайды.<br>Педагог жұмыс барысында балаларға пішіндерді орамалдың бір шетінен бастап, арақашықтықты сақтай отырып салуды түсіндіреді. Жұмыс барысында балаларға нақты бағыт – бағдар беріп отырады. Балалар безендірген орамалды Айсұлуға ұсынады.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Түрлі түсті моншақтар»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрету, саусақ арқылы моншақтардың суретін салуға үйрету, әсемдікті, сезіне білуге тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Педагог балаларға түрлі түсті моншақтарды көрсетіп, олардың не үшін пайдаланатыны туралы айтып, осындай әшекейді үйлерінде кім тағатынын сұрайды. Ендеше сондай моншақты салып беретіндерін айтады.<br>Педагог демонстрациялық материалдарды көрсетіп:<br>моншақтың пішінін және түсін сұрайды.<br>Сурет салудың тәсілін түсіндіреді:<br>Саусақтарыңды қызыл бояуға малу керек. Суреттегі жіптің үстіне қызыл түсті моншақты бастырып саласыңдар, содан кейін ол саусақты сулы сүрткішпен сүртіп, сары бояуға батырып, қызыл моншақтың қасынан сары түсті моншақты бастырып саласыңдар.<br>Сергіту сәті.<br>Моншақтарды алайық,<br>Мойнымызға тағайық.<br>Дөңгелене би билеп,<br>Көңілденіп алайық.<br>Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог балалардың өз бетінше жұмыс жасағандарына мұқият қарап бақылайды.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Қошақанға шөп береміз».</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Жасыл түсті пайдалана отырып, шөптің суретін салуға үйрету.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Педагог суреттерді көрсете отырып үй жануарлары және төлдерімен таныстырады, әрқайсысы қалай аталатыны жайлы балалармен әңгімелеседі. Үйдегі малдардың төлдері көргендерін айта отырып, қойдың төлін «қошақан» деп атайтыны жөнінде еске түсіреді. Мына қошақанның қарны ашыпты, біз сол қошақанға шөп берейік. Қошақанның суретін көрсетеді.<br>Педагог демонстрациялық материалдарды көрсетіп қошақанның не істеп тұрғанын сұрайды. Қошақан шөп жеп тұр.<br>Сурет салудың тәсілін түсіндіреді:<br>Қылқаламды жасыл бояуға батырып алып, шөптің суретін салу үшін төменнен жоғары қарай сызықтар сызу арқылы салатынын түсіндіреді. Ауада салуды көрсетеді.<br>Сергіту сәті.<br>Біздер тату баламыз,<br>Гүл – гүл жайнап аламыз.<br>Жаттығулар жасаймыз,<br>Жақсы сергіп қаламыз.<br>Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог балалардың өз бетінше жұмыс жасағандарына мұқият қарап бақылайды. Соңында қылқаламды жуып, сүрткішке сүртіп кептіруді және тиянақты болуды ескертеді. Балалармен жеке жұмыс жасайды.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Шалғындағы бақбақтар»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Дәстүрден тыс әдістермен сурет салу дағдыларын үйрету. Балаларды егістікте өсіп тұрған бақбақ гүлінің пішінін сұрай отырып, гүлдің әдемілігін сурет арқылы жеткізуге үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Педагог балалардан серуен кезінде қандай гүлдерді көргендері жайлы сұрайды. Балалар мен сіздерге бір жұмбақ жасырамын, тауып көріңіздерші?<br>Көктем мен жаз шыққанда,<br>Басына сары қалпақ киеді.<br>Күзге қарай қалпағы,<br>Қалқи ұшып кетеді.<br>Бұл не, балалар? (Бақбақ гүлі)<br>Балалар жұмбақтың шешуін таппай қиналса, педагог жауабын өзі айтып, көмектеседі.<br>Педагог балаларға бақбақ гүлінің суретін көрсетеді.<br>Сурет салудың тәсілін түсіндіреді:<br>Педагог балаларға жұмыс бағытын көрсетеді. Шашақтап қиылған түтікше қағазды боуға батырып, ақ параққа із түсіреді. Ақ парақ бетіне түскен іздер бақбақ гүлін бейнелеп тұрғанын айтады. Балалар өз бетінше жұмыс жасауға кіріседі. Балалардың жұмыс жасағандарына мұқият қарап бақылайды. Соңында балалар қолдарын сүрткішке сүртеді.<br>Сергіту сәті:<br>«Бақбақты үрлейміз» тыныс алу жаттығулары.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Мүсіндеу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Итаяқ» | | | | |
| Мақсаты: | Ермексаздың кесектерін дұрыс пайдалана отырып, домалақ жасауға үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Топқа қуыршақ Көркем кіріп келіп, оның анасының жақында «Туған күні» екенін, анасы әшекей кигенді ұнататынын айтады. Анасына білезік сыйлағысы келетінін, балалардан оған көмектесулерін сұрайды.<br>Педагог балаларға жұмыс үлгісін көрсетіп, түсіндіреді. Біз білетіндей ермексаз түйіртпегін үзіп алып, созып еседі. Содан кейін олардың ұштарын біріктіреміз. Педагог біріктіру әдісін көрсетеді.<br>Балалар педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша жұмыс жасайды.<br>*Сергіту сәті:*<br>Оңға, оңға түзу тұр,<br>Солға, солға түзу тұр.<br>Артқа қарай бір қадам,<br>Алға қарай бір қадам.<br>Жоғары, төмен қарайық,<br>Орнымызды табайық.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҮІӘ | Жапсыру | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Көбелек қанаттарын әсемдеу» | | | | |
| Мақсаты: | түсті айыра білуге, әсемдікке, эстетикалық тұрғыда қабылдай алуға үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Педагог көрнекілік материалдардан түрлі көбелектердің суреттерін көрсетеді.<br>Педагог:<br>– Балалар, серуен кезінде қандай көбелектерді көріп едіңдер, еске түсіріңдерші?<br>Бүгінгі оқу қызметінде барлығымыз бірігіп көбелектер қанатын әсемдейміз, келісесіңдер ме?<br><br>*Сергіту сәті:*<br>Көбелектер әр – турлі,<br>Қызыл, сары, көк пен ақ.<br>Жүгіріп барсаң қасына ,<br>Ұшып кетеді бірақ.<br><br>Дайын көбелектердің қанаттарын өз еріктерімен әсемдейді. Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көңіл бөледі.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сәуір айы**
**Ортаңғы топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Жапырақтар». | | | | |
| Мақсаты: | Көктемгі табиғаттың ерекшеліктерін білуге. Балаларға бірлесе отырып, алақан арқылы жапырақ салуды үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. Табиғатты қорғауға тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Алдымыздан кезіккен,<br>Көп таныcты кезіктік.<br>Бәріне де ізетпен,<br>Иіліп сәлем береміз.<br>- Мына жапырақтарға қараңдаршы, түстері қандай керемет.<br>Балалардан олардың түстерін сұрайды.<br>Көктем мезгілінде жапырақтар жаңадан шығатыны түсіндіріп өтеді.<br>- Ендеше осындай әдемі жапырақтардың суретін салып көрейік.<br>Бір алақандарыңды сары бояуға батырып, таза қағаз бетіне бірнеше жапырақтардың бейнесін салыңдар. Енді екінші алақандарыңды жасыл бояуға батырып, жапырақтарды саламыз. Біздің қағазымызда екі түсті жапырақтардың суреттері пайда болды. Демек, жапырақ формасы біздің алақанымызға ұқсайды екен.<br>*Сергіту сәті:*<br>Жел соқты, жел соқты,<br>Ағаштар желмен шайқалды.<br>Жел соқты, жел соқты,<br>Жапырақ түскен байқалды.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Досыма ұсынамын жылы алақанымды». | | | | |
| Мақсаты: | Дәстүрден тыс әдіспен алақанды қолданып бейне салуды үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Ғажайып сәт. Қане, балалар, баққа саяхатқа барғыларыңыз келе ме? Олай болса бәріміз көзімізді жұмайық. Ал, енді көзімізді ашайық (педагог матамен жабылған ағаштың жамылғысын ашады). Міне, балалар бұл жай ағаш емес, Досық ағашы, оны достарымызға теңестіріп көрейік. Ол үшін сендер ақ қағаздың бетіне алақанымызды қойып, оның үстін қаламмен басып шағамыз. Бес саусақ ол сіздердің достарыңыз, сондықтан әр саусақтың басына олардың суретін саласыздар.<br>Балалар алақандарын фломастермен бастырады. Әр саусақтың басына достарының суретін салуды тапсырады. Балала үлгіге қарап орындайды.<br>*Сергіту сәті:*<br>Оң қолымды бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едім барлығын<br>Болып шықты он саусақ.<br><br>Жекелеген балаларға көмек көрсетіледі.<br>Жұмыстарын аяқтайды.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Шарлар» | | | | |
| Мақсаты: | Саусақтың ұштарымен дөңгелек із қалдыра отырып, шарларды бейнелеу. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | Балаларға қағаз парағын ұсынып, шарлар салып көрейік деп ұсынады. Алдыменен өзі саусақтармен шарлар салу үлгісін балаларға көрсетеді. Балалар салып отырғанда жеке көмек береді. Балалар сурет салып болған соң, денелерін шынықтыруға алаңға шығады.<br>Балалар алдындағы ақ қағазға саусақтарымен шарлар суретін салып бейнелейді.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Сандықты безендіру» | | | | |
| Мақсаты: | Бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Қазақ оюларының кейбір элементтерін салуды үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | Балаларға қазақ ұлттық бұйымдарын көрсету, ондағы ою – өрнектермен таныстыру. Балаларға әдемі әшекейленген сандықты көрсетіп, ақ қағаз бетіне салынған оюы жоқ сандық суретін береді. Осы сандықты безендіру керектігін айтады.<br>Педагог демонстрациялық материалдарды көрсетіп: сандықтың пішінін, үлгідегі сандықтың өрнектердің пішінін және түстерін сұрайды.<br>Педагог жұмыс барысында балаларға пішіндерді сандықтың бір шетінен бастап, арақашықтықты сақтай отырып салуды түсіндіреді. Жұмыс барысында балаларға нақты бағыт – бағдар беріп отырады.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Мүсіндеу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Күн мен бұлт» | | | | |
| Мақсаты: | Мүсіндеу жұмысында қолданылатын материалдармен, құралдармен таныстыру. Мүсіндеудің негізгі тәсілдерімен таныстыру. Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру. Шығармашылыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Күніміз жарық болсын!<br>Аспанымыз ашық болсын!<br>Деніміз сау болсын!<br>Көк туымыз биік болсын!<br>Педагог балаларға жұмыс істейтін орындарын дайындап, құрал - саймандарының тақтайша, ермексаз, таяқша, қол орамалдарының ретімен тұру керектігін айтады. Үстел үстін, киімін бүлдірмей материалдармен ұқыпты жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру мақсатында тақтайшада мүсіндеу үшін қажетті материалдарды қолдану керектігін түсіндіреді. Ермексазбен жұмыс аяқталғаннан кейін, қолды орамалмен сүртіп, сабынмен тазалап, жуу керектігін ұғындырады.<br>Ермексазбен жұмыс.<br>*Сергіту сәті.*<br>Балақан - ау, балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай - былай ойнат!<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Жапсыру</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Үйлер»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой - қиялдарын жетілдіру, шығармашылыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Педагог балалармен өздері тұратын ауыл, қала, көше және өз балабақшалары орналасқан көше туралы қысқаша сұрақ - жауапқа құрылған кіріспе әңгіме өткізеді.<br>– Біз қай республикада тұрамыз?<br>– Біздің ауылымыз қалай аталады?<br>– Өздерің тұратын көшені атаңдар?<br>– Ал біздің балабақшамыз қалай аталады?<br>Педагог:<br>–Балалар, үйлерді кімдер салады?<br>Педагог қауіпсіздік ережелерін және тазалық шараларын ескертеді.<br>1. Үлкен тіктөртбұрышты қиямыз (үйдің қабырғасы).<br>2. Үшбұрышты қиямыз (үйдің шатыры).<br>3. Шаршыларды қиямыз (үйдің терезесі).<br>Педагог жұмыс барысында көмек қажет болған балаларға көңіл бөледі.<br><br>Сергіту сәті.<br>Балақан - ау, балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай - былай ойнат!<br></td></tr>
</table>

**Сәуір айы**
**Ересек топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Гүлдер» | | | | |
| Мақсаты: | Саусақтың ұштарымен дөңгелек із қалдыра отырып, гүлдерді бейнелеу. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Көктемде қандай өзгерістер болады?<br>Балалар қараңыздаршы, көктем келіп, айнала әсем гүлдерге тола бастады. Табиғат гүлдене бастады. Осы әсем неше түрлі гүлдердің суретін салайықшы.<br>Тақтада ілулі тұрған суреттер мен жасанды гүлдерді көрсетіп, алдарында тұрған параққа саусақтың ұштарымен басу арқылы гүл салу керектігін түсіндіреді. Әр түсті пайдаланған соң, қолдарын сулыққа сүртіп, келесі түсті пайдаланады.<br><br>*Сергіту сәті.*<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Дастарханды безендіру»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Дастарханды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>- Балалар, бүгін Айсұлу деген кішкентай досымыздың әжесінің туған күні екен. Туған күнге достары қонаққа келеді екен. Қонақтарға арнап дастархан жаю керек. Айсұлуда дастархан жоқ екен. Сондықтан бізден көмек сұрап отыр.<br>- Балалар Айсұлуға дастархан салып көмектесеміз бе?<br>Педагог демонстрациялық материалдарды көрсетіп:<br>- дастарханның пішінін, дастархандағы өрнектердің пішінін және түстерін сұрайды.<br>Алдыңғы сабақтарда өткен пішіндерді еске түсіріп, дастарханды салып безендіруді сұрайды.<br>Педагог жұмыс барысында балаларға пішіндерді дастарханның бір шетінен бастап, арақашықтықты сақтай отырып салуды түсіндіреді. Жұмыс барысында балаларға нақты бағыт – бағдар беріп отырады. Балалар безендірген дастарханды Айсұлуға ұсынады.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Көктемгі табиғат». | | | | |
| Мақсаты: | Көктем мезгілінің ерекшеліктері. Қағаз бетіне тұтастай бағдарлай отырып, мазмұнды композиция салу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Балаларға ағаштар мен жануарлар суреттерін көрсетіп, олардың атын ататып, олар жайлы білетіндерін айқызады.<br>Геометриялық фигураларды естеріне түсіреді.<br>Педагог демонстрациялық материалдарды көрсетіп:<br>Жинақтағанда көктемгі бақ картинасы пайда болады.<br>- Ағаштардың бұтақтарының түсі қандай?<br>- Жапырақтардың ше?<br>Алдымыздағы парақта бейнеленген бұтақтың суретіне қылқаламмен жапырақтар саламыз.<br>*Сергіту сәті.*<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Құмырадағы гүлдер» | | | | |
| Мақсаты: | Қарындашпен ұқыпты жұмыс жасау, бірқалыпты, сызықтан шығармай бояуға дағдыландыру. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті  бағдарлауға үйрету. Тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Балаларға құмырадағы гүл аттарын айтып, таныстырады. Олар жайлы не білетіндерін сұрайды. Тосын сәт топқа Дымбілмес кіріп келеді. Қолында бір шоқ гүлдері бар. Балалармен сәлемдескен соң, тәрбиеші оған гүлдерін құмыраға салуын өтінеді, себебі олар суда тұрмаса солып қалатынын айтып түсіндіреді.<br>Педагог демонстрациялық материалдарды көрсетіп:<br>Құмыра мен гүлдер салу әдістерін түсіндіріп, үйретеді.<br>Педагог жұмыс барысында балаларға бір шетінен бастап, арақашықтықты сақтай отырып салуды түсіндіреді. Жұмыс барысында балаларға нақты бағыт – бағдар беріп отырады. Балалар салған суреттеррін Дымбілмеске көрсетеді.<br>*Сергіту сәті.*<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Мүсіндеу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Ұлу» | | | | |
| Мақсаты: | Ермексазды домалақтап алып, алақанның ортасына салып, сопақшалап есу арқылы қоршауға баған жасауға болатыны туралы мағлұмат беру. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Амансыңба, Алтын Күн!<br>Амансыңба Көк Аспан!<br>Амансыңба Достарым<br>Сендерді көрсем қуанам.<br>- Балалар, сіздер ұлуды білесіздерме?<br>- Ұлу қандай болады?<br>Ол қайда мекендейді?<br>Педагог балаларға ұлу жайлы түсінік береді. Ұлудың тіршілігі, корегі жайында мағлұмат береді. Педагог тақтаға ұлудың суретін іліп, оның дене пішініне назар аударады. Олардың айырмашылықтары неде екеніне көздерін жеткізеді.<br>Педагог ермексаздан ұлудың жасалу жолдарын рет - ретімен түсіндіреді.<br><br>*Сергіту сәті:*<br>Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Қуыршаққа арналған білезік»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Ермексазды домалақтап алып, алақанның ортасына салып, сопақшалап есу арқылы қоршауға баған жасауға болатыны туралы мағлұмат беру.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">

*Балалармен амандасу.*<br>
*Шаттық шеңбері.*<br>
Топқа қуыршақ Көркем кіріп келіп, оның анасының жақында «Туған күні» екенін, анасы әшекей кигенді ұнататынын айтады. Анасына білезік сыйлағысы келетінін, балалардан оған көмектесулерін сұрайды.<br>
Педагог балаларға жұмыс үлгісін көрсетіп, түсіндіреді. Біз білетіндей ермексаз түйіртпегін үзіп алып, созып еседі. Содан кейін олардың ұштарын біріктіреміз. Педагог біріктіру әдісін көрсетеді.<br>
<br>
Балалар педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша жұмыс жасайды.<br>
<br>
*Сергіту сәті:*<br>
Оңға, оңға түзу тұр,<br>
Солға, солға түзу тұр.<br>
Артқа қарай бір қадам,<br>
Алға қарай бір қадам.<br>
Жоғары, төмен қарайық,<br>
Орнымызды табайық.<br>




Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>
**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>
**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.**
</td></tr>
</table>

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Жапсыру | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Мысық» | | | | |
| Мақсаты: | үлгі сызық бойынша бейнені қия білуін бекіте отырып, өз бетінше безендіруге үйрету, мысықты жапсыру барысында төзімділікпен ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру; қиялын дамыту; жан-жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>- Балалар, сіздердің үйлеріңізде мысық бар ма ?<br>- Сіздер мысықпен ойнайсыздарма?<br>- Мысық қандай тамақ жейді?<br>Мысықтың тіршілігі, қоректенуі, туралы шағын әңгіме жүргізіледі.<br>Бүгін біз мысықтың бейнесін жапсырамыз.<br>1. Жұмыс жасау үшін алдымен мысықтың дене мүшелерін қиып аламыз.<br>*Сергіту сәті:*<br>Педагог «Мысық» өлеңін оқиды. Балалардың оны қимыл - қозғалыс жасап, қайталауларын сұрайды.<br>Мысықтың дайын болған дене бөліктерін мынадай ретпен жапсырайық:<br>– денесін;<br>– басын;<br>– құйрығын;<br>– аяғын.<br>Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көңіл бөледі.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Жапсыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Орамалды әшекейле». | | | | |
| Мақсаты: | түстерді сәйкестендіріп, сәндеу техникасы бойынша түрлі өлшемдегі үшбұрыштарды қиюға, бұйымды әшекейлеуге үйрету. Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау; ұқыпты жапсыруға үйрету; саусақ моторикасын дамыта отырып, өнерге баулу; сенсорикалық тәрбиені дамыту; достарына көмектесе білуге тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Кел, балалар, күлейік,<br>Күлкіменен түлейік!<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді боп жүрейік!<br>Педагог балаларға орамалды көрсетіп, орамалдағы өрнектердің атауы, пішіні, түсі, жайлы сұрайды.<br>Педагог:<br>– Балалар, нені тамашалап тұрсыңдар? Наурыз айында болатын қандай мерекелерді білесіңдер? 8 - Наурыз қандай мереке?<br>– Ал сендер аналарыңа сыйлық жасағыларың келе ме? Олай болса, аналарға арналған орамалды әшекейлейік.<br>*Сергіту сәті:*<br>Балалар әртүрлі пішіндерді қиып алады. Қиып алған пішіндерді өз талғамдарына қарай орамалды әшекейлеуге пайдаланады. Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көмектеседі.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Мамыр айы**
**Кіші топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Кірпі»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Қылқаламмен сурет салу дағдыларын үйрету. Балаларда табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Педагог балалардан кірпіні көргендері бар ма екендігі жайлы сұрайды. Балалар мен сіздерге бір жұмбақ жасырамын, тауып көріңіздерші?<br>Үсті толы ине,<br>Бірақта, іс тігіп,<br>Қадамайды түйме.Бұл не, балалар? (Бақбақ гүлі)<br>Балалар жұмбақтың шешуін таппай қиналса, педагог жауабын өзі айтып, көмектеседі.<br>Педагог балаларға бақбақ гүлінің суретін көрсетеді.<br>Сурет салудың тәсілін түсіндіреді:<br>Қылқаламды қоңыр бояуға батырып алып, кірпінің суретін салу үшін төменнен жоғары қарай сызықтар сызу арқылы салатынын түсіндіреді. Ауада салуды көрсетеді.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог балалардың өз бетінше жұмыс жасағандарына мұқият қарап бақылайды. Соңында қылқаламды жуып, сүрткішке сүртіп кептіруді және тиянақты болуды ескертеді. Балалармен жеке жұмыс жасайды.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

## Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Сылдырмақтар»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Қарындашпен дөңгелектер мен ұзын таяқшалардан сылдырмақтар салуды үйрету. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>- Балалар мен есіктің алдынан мына қапшықты тауып алдым, ішін ашып көрейін. Ой, ішінде әсем сылдырмақпен хат бар екен. Оқып көрейік.<br>Ауылдағы атамыз осы сылдырмақты маған көп етіп салып беріңіздерші, -деп жазған.<br>Ендеше балалар, сылдырмақтың суретін саламызба? Балаларға сылдырмақтың салу үлгісін көрсетеді. Балалар салып отырғанда жеке көмек береді. Балалар аталарына сылдырмақтың суретін салып болған соң таныс қимылды ойынды ойнайды.<br>Балалар алдындағы ақ қағазға сылдырмақтың суретін салып бейнелейді.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Әрқашан күн сөнбесін» | | | | |
| Мақсаты: | балаларға таяқшалар мен дөңгелек салу арқылы күн бейнесін салуды үйрету; саусақ бұлшық еттерін және қимыл – қозғалыстарын жетілдіру, өз беттерімен сурет салуға үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>Педагог балаларға бүгінгі күннің қандай тамаша екені, күн нұрын аямай төгіп тұрғаны, күн қуаныш әкелетіні жайлы әңгімелейді.<br>- Балалар, біздің ойыншықтарымыздың күн сайын далаға шығып, күннің көзін көретін мүмкіндіктері жоқ. Олардың көңілдерін көтеріп, қыстың ызғарында күн сәулесімен жылынуына көмектесеміз бе?<br>- Ендеше балалар, бәріміз алдарымыздағы ақ параққа жарқыраған күн сәулесін бейнелеп, ойыншықтарымызға сыйлайық. Балалар дөңгелек және таяқшалар салу арқылы күнді салады.<br>Сергіту сәті:<br>Ал, балалар тұрамыз,<br>Айналаны шоламыз.<br>Күн нұрындай жарқырап,<br>Жер бетіне қонамыз.<br>Педагог балаларға көмектесіп, бағыт – бағдар береді.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Шалғындағы бақбақтар»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Дәстүрден тыс әдістермен сурет салу дағдыларын үйрету. Балаларды егістікте өсіп тұрған бақбақ гүлінің пішінін сұрай отырып, гүлдің әдемілігін сурет арқылы жеткізуге үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Педагог балалардан серуен кезінде қандай гүлдерді көргендері жайлы сұрайды. Балалар мен сіздерге бір жұмбақ жасырамын, тауып көріңіздерші?<br>Көктем мен жаз шыққанда,<br>Басына сары қалпақ киеді.<br>Күзге қарай қалпағы,<br>Қалқи ұшып кетеді.<br>Бұл не, балалар? (Бақбақ гүлі)<br>Балалар жұмбақтың шешуін таппай қиналса, педагог жауабын өзі айтып, көмектеседі.<br>Педагог балаларға бақбақ гүлінің суретін көрсетеді.<br>Сурет салудың тәсілін түсіндіреді:<br>Педагог балаларға жұмыс бағытын көрсетеді. Шашақтап қиылған түтікше қағазды боуға батырып, ақ параққа із түсіреді. Ақ парақ бетіне түскен іздер бақбақ гүлін бейнелеп тұрғанын айтады. Балалар өз бетінше жұмыс жасауға кіріседі. Балалардың жұмыс жасағандарына мұқият қарап бақылайды. Соңында балалар қолдарын сүрткішке сүртеді.<br>Сергіту сәті:<br>«Бақбақты үрлейміз» тыныс алу жаттығулары.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Ойыншық құламақ»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Жеке бөліктерді бір – біріне бекітуді үйрету.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Педагог өлеңді оқиды.<br>Біз қандаймыз?<br>Қуыршақпыз – құламақпыз.<br>Бізді ақырын тербетсең,<br>Ұзақ уақыт тоқтамаймыз.<br>Солға – оңға, оңға – солға,<br>Біз тік тұра алмаймыз.<br>- Балалар, қуыршақты неге құламақ деп атайды, білесіңдерме?<br>- Дұрыс, бұл қуыршақты жатқыза алмайсың.<br>- Қалай ойлайсыздар, балалар, оның бөліктері неге ұқсайды (басы, денесі, қолы)?<br>- Пішіні қандай?<br>- Қуыршақ құламақ әртүрлі көлемдегі шарлардан жасалған.<br>Балалар қуыршақты жасайды.<br><br>Сергіту сәті.<br><br>Педагог жеке жұмыс жүргізеді.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Жапсыру | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Көбелек қанаттарын әсемдеу» | | | | |
| Мақсаты: | түсті айыра білуге, әсемдікке, эстетикалық тұрғыда қабылдай алуға үйрету. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Педагог көрнекілік материалдардан түрлі көбелектердің суреттерін көрсетеді.<br>Педагог:<br>– Балалар, серуен кезінде қандай көбелектерді көріп едіңдер, еске түсіріңдерші?<br>Бүгінгі оқу қызметінде барлығымыз бірігіп көбелектер қанатын әсемдейміз, келісесіңдер ме?<br><br>*Сергіту сәті:*<br>Көбелектер әр – түрлі,<br>Қызыл, сары, көк пен ақ.<br>Жүгіріп барсаң қасына ,<br>Ұшып кетеді бірақ.<br><br>Дайын көбелектердің қанаттарын өз еріктерімен әсемдейді. Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көңіл бөледі.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Мамыр айы**
**Ортаңғы топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Жүзім». | | | | |
| Мақсаты: | Балаларға әртүрлі сурет салу әдістерін үйрету; пішіндерді атап, ажырата білуге, есте сақтау қабілетін дамыту, түстерді атай білуге үйрету; көрсету; достыққа тәрбиелеу, әдемілікке, әдептілікке тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>- Қараңыздаршы, балалар, мынау суретте жүзім салынған қараңыздар. Біздер де алдымыздағы ақ параққа жүзім суретін саламыз. Ендеше орнымызға жайғасайық.<br>Педагог жұмыс бағытын түсіндіреді.<br>- Алдымыздағы күлгін бояуға саусақтың ұшын батырып, параққа басамыз. Калған із жүзім дөңгелектеріне ұқсайды. Жүзімді бейнелеп болған соң, алақанымызды жасыл бояуға батырып, жүзімнің жапырақтарын бейнелейміз.<br><br>*Сергіту сәті:*<br>Іші толған шәрбат,<br>Дәмі қандай әйбат.<br>Үзесің бірден жүзін<br>Оның аты - ....(жүзім)<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Машина дөңгелектері» | | | | |
| Мақсаты: | Таңбалап басу арқылы машина дөңгелектерін салу. Саусақ бұлшық еттерін жаттықтыру. Қағаз бетінде кеңістікті бағдарлауға үйрету. Ұқыптылық пен тазалыққа тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>Балаларды ортаға жинап, түрлі түсті автомобильдер ойынынт ойнатады. Ойын шарты: балаларды екі шағын топқа бөледі. Екі түрлі автомобиль рөлдерін береді – сары және қызыл. Жетекші қандай түсті жалау көрсетсе, сондай түсті автомобильдер ашық алаңда жүре бастайды. Жалау түсірілгенде орындарына барып, жайғасады. Ойын үш рет қайталанады.<br>Тақтада ілулі тұрған суретті көрсетіп, бұл жерде машинаның дөңгелектері жоқ.<br>Машина дөңгелексіз қозғала алмайды. Біз дөңгелектерді салайық деп балаларды орындарына отырғызып, таңба басу әдісімен дөңгелектерді салуды үйретеді.<br>Педагог балаларға көмек көрсетіп, балалармен жеке жұмыс жүргізеді. Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Шалғындағы бақбақтар» | | | | |
| Мақсаты: | Дәстүрден тыс әдістермен сурет салу дағдыларын үйрету. Балаларды егістікте өсіп тұрған бақбақ гүлінің пішінін сұрай отырып, гүлдің әдемілігін сурет арқылы жеткізуге үйрету. Табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>Педагог балалардан серуен кезінде қандай гүлдерді көргендері жайлы сұрайды. Балалар мен сіздерге бір жұмбақ жасырамын, тауып көріңіздерші?<br>Көктем мен жаз шыққанда,<br>Басына сары қалпақ киеді.<br>Күзге қарай қалпағы,<br>Қалқи ұшып кетеді.<br>Бұл не, балалар? (Бақбақ гүлі)<br>Балалар жұмбақтың шешуін таппай қиналса, педагог жауабын өзі айтып, көмектеседі.<br>Педагог балаларға бақбақ гүлінің суретін көрсетеді.<br>*Сурет салудың тәсілін түсіндіреді:*<br>Педагог балаларға жұмыс бағытын көрсетеді. Шашақтап қиылған түтікше қағазды боуға батырып, ақ параққа із түсіреді. Ақ парақ бетіне түскен іздер бақбақ гүлін бейнелеп тұрғанын айтады. Балалар өз бетінше жұмыс жасауға кіріседі. Балалардың жұмыс жасағандарына мұқият қарап бақылайды. Соңында балалар қолдарын сүрткішке сүртеді.<br>*Сергіту сәті:*<br>«Бақбақты үрлейміз» тыныс алу жаттығулары.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>Сөздік жұмыс жүргізеді. Балалардың салған суретіне қарап, баға береді, мадақтайды. | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | «Бұлт күнді жапты» | | | | |
| Мақсаты: | Балаларды күзгі табиғат құбылыстары ерекшеліктеріне бақылау жасауға үйрету. Күннің бетін, аспанда қалқып жүрген бұлттардың суретін дөңгелек және сопақша пішінде сала білуге дағдыландыру. Табиғатты сүйе білуге, құрметтеуге және ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>Тәрбиеші «Күз» туралы өлең шумақтарын оқиды. Күзде күннің жиі бұлттанатынына балалардың назарын аударады.<br>Сөздік жұмыс.<br>Иллюстрациялық суреттерді көрсетіп, күз мезгілінде табиғатта болатын ерекшеліктер туралы әңгімелеседі.<br>- Күз мезгілінде аспанды бұлт қаптайды, осы бұлттардың суретін салыңыздар.<br>Балаларға алдарындағы қағазда күннің суреті салынғандығын, бүгін осы күннің бетін бұлт жауып тұрған сюжетті сурет салу керектігін түсіндіреді.<br><br>Сұр және көгілдір түсті гуашьтар езіліп дайындалып қояды. Соны қылқаламмен мол қылып алып, тамшылату әдісімен бұлттарды салу әдісін айтады. Сурет салғанда бояуды тамызып, бұлтқа ұқсатып салғаннан кейін қылқаламды жуып отыруды түсіндіреді.<br>Суретті салып болғаннан кейін тыныс алу жаттығуын жасайды.<br>Балалар қылқаламды оң қолымен ұстап, қағаздың кез келген жеріне қою етіп алынған гуашьты мол тамшылатады. Тамған тамшыны дереу жағып бояу барысында үстінен басып, дөңгелек немесе сопақша бұлттарға ұқсатып салады. Түстерді пайдаланған сайын қылқаламды сумен жуып, шүберекке сүртіп отырады.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| ҰІӘ | Жапсыру | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тобы: | | | | | |
| Тақырыбы: | «Шарбақ - қоршау» | | | | |
| Мақсаты: | Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Бақшамызға барғанда<br>Жолыққан бар жандарға.<br>Ертемен ақ пейілмен,<br>«Қайырлы таң» деймін мен<br>Балалар шеңберге тұрып бір – біріне жылы лебіздерін білдіреді<br>Балалардың серуенде жүргенде қоршау көргендерін естеріне түсіреді. Қоршау - ол біздің үйімізді қоршап тұрады.<br>- Қазір біздер сондай қоршауды қатты қағаздан жасаймыз.<br>- Алдымен қатырма қағаздан үлгіге қарап отырып бірдей қылып қоршау бөліктерін қиып аламыз да, желіммен жапсырамыз. Құрастырып көреміз. Міне, әдемі биік қоршау жасадық.<br>- Балалар үлгіні қарап, қоршауды жасап шығады. Көмек қажет ететін балаларға педагог көмектеседі.<br>- *Сергіту сәті.*<br>Балақан - ау, балақан,<br>Қане, қайсы алақан?<br>Саусақтарың әйбат,<br>Былай - былай ойнат!<br><br>Сәйкесінше жаттығулар жасайды.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>Педагог қортындылап,балаларды мадақтайды.<br>Балалар, біздер бүгін не істедік?<br>Сіздерге, бүгінгі оқу қызметі ұнады ма? | | | | |

**Мүсіндеу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҮІӘ</td><td colspan="5">Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">«Тасбақа»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Бүтін бөліктен созу тәсілі арқылы тасбақаны мүсіндеу. Мүсіндеуге деген қызығушылықтарын арттыру.<br>Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>- Балалар, тасбақаны білесіздерме?<br>- Ол қандай болады?<br>Педагог балаларға тасбақа туралы жұмбақ жасырады. Балалардың дұрыс жауабынан кейін тасбақаның суретін немесе ойыншық тасбақаны көрсету арқылы оның құрылысына, дене бітіміне назарларын аударады. Ермексаздың бүтін кесегінен созу тәсілі арқылы мүсіндеу жұмысының барысымен таныстыру. Педагог үлгіні көрсете отырып, балаларға тасбақаның жасалу жолын көрсетеді.<br><br>Ермексазбен тасбақа мүсінін жасау.<br><br>Сергіту сәті.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Қосып едім барлығын,<br>Болып шықты он саусақ.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Мамыр айы**
**Ортаңғы топ**
**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҰІӘ | Сурет салу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Түрлі түсті шарлар» | | | | |
| Мақсаты: | балаларға әртүрлі сурет салу әдістерін үйрету; пішіндерді атап, ажырата білуге, есте сақтау қабілетін дамыту, түстерді атай білуге үйрету; көрсету; достыққа тәрбиелеу, әдемілікке, әдептілікке тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>- Балалар, бір – біріңнің қолынды ұстап тұрғанда нені сезесіңдер? Енді табиғатқа терезеден көз салайық.<br>Армысың, алтын күн,<br>Армысың, асыл жер.<br>Армысың, көк аспан,<br>Армысың, жан досым.<br>Жылуыма жылу қос.<br>- Далада көктем мезгілі, халықтар достығы мерекесі келді.<br>Балалар, мына суреттен не көріп отырсыңдар? Педагог әңгіме жүргізіп, балаларды тыңдайды.<br>Жұмыс барысын балаларға түсіндіреді.<br>Саусақтарымызды әр түрлі бояуға батырып, ақ қағазға дөңгелек із түсіреміз,<br><br>*Бой сергіту:*<br>Тыныс алу жаттығулары.<br>«Кім тез үрлейді?» дидактикалық<br>ойыны.<br>(Ауада қолдарымен шарды бейнелеп, көздеріне елестете үрлейді).<br>Жіпті салу үшін қылқаламның ұшын бояуға тигізіп, жіптің суретін толқынды сызықпен саламыз.<br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>Балалардың салған суретіне қарап, баға береді.<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Моншақтар»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрету, бастырма арқылы моншақтардың суретін салуға үйрету, әсемдікті, сезіне білуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Педагог балаларға түрлі түсті моншақтарды көрсетіп, олардың не үшін пайдаланатыны туралы айтып, осындай әшекейді үйлерінде кім тағатынын сұрайды. Ендеше сондай моншақты салып беретіндерін айтады.<br>Сергіту сәті.<br>Педагог демонстрациялық материалдарды көрсетіп:<br>моншақтың пішінін және түсін сұрайды.<br>Сурет салудың тәсілін түсіндіреді:<br>Бастырманы бояуға малу керек. Суреттегі жіптің үстіне із түсіру арқылы моншақты бастырып салады да, қасыңыздағы досыңызбен бастырманы ауыстырып басқа түспен моншақ тізбектеп толтырамыз.<br>Сергіту сәті.<br>Моншақтарды алайық,<br>Мойнымызға тағайық.<br>Дөңгелене би билеп,<br>Көңілденіп алайық.<br>Педагог балалардың өз бетінше жұмыс жасағандарына мұқият қарап бақылайды.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Автобус».</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">түрлі түсті бояудың көмегімен , геометриялық фигураларды пайдаланып автобустың суретін салуды үйрету, салу дағдыларын қалыптастыру, достыққа, татулыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Алысты жақын еткізеді,<br>Керек жерге жеткізеді.(Көлік)<br><br>- Қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>- Балалар, маған орман құстары мынадай хабар жеткізді, орманға жидек теруге барған балалар адасып кетіпті, 10 баланың 2 - еуі орманның оң жақ бөлігінде, қалған 8 - і сол жақ бөлігінде адасып, үйлеріне жете алмай жүр. Кәне, біз оларға көмектесейік. Ол үшін бізге балаларды отырғызатын  автобус керек.<br>Педагог автобусты қалай салу керектігін көрсете отырып түсіндіреді:<br>- алдымен тік төртбұрышты пішін жасалады;<br>- дөңгелектерді салынады;<br>- алдыңғы бөлігіне кабина пішіні салынады;<br>- терезесі кішкене төртбұрыштардан жасалады;<br>Сергіту сәті:<br>«Автобус» ойыны<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Сурет салу ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Сурет салу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Торғайларға жем  шашамыз»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Құстарға жем шашу арқылы қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету, Құстарға деген қамқорлық көзқарасын дамыту. Құстарды қорғауға, жанашырлыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Балалар менің қолымда күн бар. Күн жылу таратады. Мен осы күнді сіздерге беру арқылы сіздерге жылу таратқым келіп отыр. Сіздер күнді бір – біріңізге беріп, күн арқылы жылынып, қуанып, көңіл – күйлеріңіз көтеріледі деп ойлаймын.<br>Құстардың шырылдаған дыбысы шығады.<br>- Балалар мынау ненің дауысы?<br>- Балалар құстардың дауысы неге қатты шығып жатыр екен. Оны білу үшін орманға саяхаттап келейік. Бәріміз көзімізді жұмып, орманды елестетеміз. Балалар ормандағы торғайлар азық таба алмай шырылдап жатыр екен. Біз оларға көмектесіп жем шашуымыз керек. Ендеше жемнің суретін салайық.<br><br>Педагог жұмыс барысын түсіндіреді. Мақта таяқшамен жемді салады.<br>Сергіту сәті:<br>«Торғайлар мен мысықтар» ойыны<br>Шарты: Торғайлар ұшып жүреді, мысық келген кезде қашып кетеді.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҮІӘ</td><td colspan="5">Мүсіндеу</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Менің ойыншығым»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">Ермексазды домалақтап алып, алақанның ортасына салып, сопақшалап есу арқылы қоршауға баған жасауға болатыны туралы мағлұмат беру.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Шаттық шеңбері.<br>- Қайырлы таң, көздерім, сендер ояныңдар!<br>- Қайырлы таң, құлақтарым, сендер ояныңдар!<br>- Қайырлы таң, саусақтарым, сендер ояныңдар!<br>- Қайырлы Күн, сен де ояндыңба?<br>Педагог көрнекіліктер мен ойыншыққа назар аударады. Ойыншық неше бөліктен тұратынына, қандай түстерден құралғанына назар аударады. Ойыншықты жасау техникасын түсіндіріп, көрсетеді.<br><br>Сергіту сәті:<br>Ойыншығым көп менің,<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Кешке дейін жалықпай,<br>Бірге ойнап жүремін.<br>Педагог жұмысты жалғастыруды ұсынады.<br><br>Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.<br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Мүсіндеу  ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҮІӘ | Мүсіндеу | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Гүл толы себет» | | | | |
| Мақсаты: | Ермексазды домалақтап алып, алақанның ортасына салып, сопақшалап есу арқылы қоршауға баған жасауға болатыны туралы мағлұмат беру. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Амансыңба, Алтын Күн!<br>Амансыңба Көк Аспан!<br>Амансыңба Достарым<br>Сендерді көрсем қуанам.<br>- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Көктемде қандай мереке бар?<br>Педагог көрнекіліктер мен гүл салынған себетке  назар аударады. Себет неше бөліктен тұратынына не үшін керек екеніне тоқталады. Жұмыс техникасын түсіндіріп, көрсетеді.<br>*Сергіту сәті:*<br>Гүлім, гүлім, өсе бер,<br>Әдемі боп, асыл боп.<br>Күндей жайнап кете бер,<br>Қызыл, сары, жасыл боп.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

<table>
<tr><td>ҰІӘ</td><td colspan="5">Жапсыру</td></tr>
<tr><td>Уақыты:</td><td>Дүйсенбі</td><td>Сейсенбі</td><td>Сәрсенбі</td><td>Бейсенбі</td><td>Жұма</td></tr>
<tr><td>Тақырыбы:</td><td colspan="5">« Әжеме арналған қамзол»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты:</td><td colspan="5">қиюдың түрлі тәсілдерін, сәндік қолданбалы өнер элементтерін жапсыруда қолдана білуді үйрету, саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қабаттап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; ою атауларын еске түсіру; ұлттық өнерді қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:</td><td colspan="5">Балалармен амандасу.<br>Шаттық шеңбері.<br>Педагог көрнекілік құралдардан ұлттық киім үлгілерін көрсетіп, балаларға сұрақтар қояды.<br>– Бұл қандай киімдер?<br>– Әжелеріңнің, өздеріңнің ұлттық киімдерің бар ма?<br>Педагог сұрақ - жауап арқылы «Қошқармүйіз», «Қызғалдақ» ою түрлерін еске түсіріп өтеді. Балалардың назарын «Әженің қамзолы» суретіне аудару.<br>– Балалар, мына әженің қамзолы әдемі болу үшін не істеу керек?<br>Балалардың қауіпсіздік ережелерін сақтауын және бүгінгі жұмыс бүктеп қию әдісімен орындалатынын естеріне салады.<br>Сергіту сәті:<br>Саусаққа, қолға арналған жаттығулар ұйымдастырылады.<br>Бүктеу әдісімен қиып алған бөліктерді әжеміздің қамзолындағы белгіленген орынға жапсырамыз:<br>– жағасына;<br>– беліне;<br>– етегіне.<br>Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көңіл бөледі.<br><br>ҚОРЫТЫНДЫ<br>Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.</td></tr>
</table>

**Жапсыру ұйымдастырылған іс-әрекетінің циклограммасы**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| ҮІӘ | Жапсыру | | | | |
| Уақыты: | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
| Тақырыбы: | « Көбелектер». | | | | |
| Мақсаты: | ирек пішіндерді қия білуге үйрету, қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдаланып, түстерді бір - бірімен жүйелі сәйкестікпен желімдеуге үйретуді жалғастыру; ұжым болып жапсыру жұмысын дұрыс ұйымдастыруға дағдыландыру; әсемдікке, табиғатты сүюге, оны аялауға тәрбиелеу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы: | *Балалармен амандасу.*<br>*Шаттық шеңбері.*<br>Педагог көрнекілік материалдардан түрлі көбелектердің суреттерін көрсетеді.<br>Педагог:<br>– Балалар, серуен кезінде қандай көбелектерді көріп едіңдер, еске түсіріңдерші?<br>Бүгінгі оқу қызметінде барлығымыз бірігіп көбелектер әлемін жасаймыз, келісесіңдер ме?<br>Қызыл, сары, қызғылт сары түсті көбелектерді көрсетілген сызық бойымен, екіге бүктеу тәсілін пайдаланып қиямыз.<br>Ол үшін 3 топқа бөлінеміз.<br>1 - топ қызыл көбелекті, 2 - топ сары көбелекті, 3 - топ қызғылт сары көбелекті қияды.<br>*Сергіту сәті:*<br>Енді әртүрлі түстегі дөңгелектерді қиып алып, санаймыз.<br>– Балалар, қанша үлкен дөңгелек бар, қанша кішкене дөңгелек бар?<br>Қиып алған көбелектерді жапсырамыз, түрлі түсті дөңгелектермен қанаттарын әсемдейміз. Көбелектің мұртын қара түсті фломастермен сызып бояймыз.<br>Жұмыс жасау барысында көмек қажет болған балаларға педагог көңіл бөледі.<br><br>**ҚОРЫТЫНДЫ**<br>**Дайын сурет үшін мақтау және пысықтау.** | | | | |